

# Пайдаланушы нұсқаулығы



HP Laser MFP 130 series



[www.hp.com/support/laser130MFP](http://www.hp.com/support/laser130MFP)

---

# Авторлық құқық және лицензия

© Copyright 2019 HP Development Company, L.P.

Авторлық құқық заңдарында қарастырылған жағдайлардан басқа жағдайларда алдын ала жазбаша рұқсатсыз қайта өндіру, бейімдеу немесе аударуға тыйым салынады.

Мұнда берілген ақпарат ескертусіз өзгеруі мүмкін.

HP өнімдері мен қызметтері үшін жалғыз кепілдіктер осындай өнімдер мен қызметтерге байланысты көрсетілген кепілдік мәлімдемелерінде берілген. Бұл құжаттағы ешқандай мәлімет қосымша кепілдікті толықтырушы ретінде қарастырылмауы тиіс. HP компаниясы осында берілген техникалық немесе редакторлық қателер немесе қалып кеткен мәлімет үшін жауапкершілікті мойнына алмайды.

- Adobe®, Adobe Photoshop®, Acrobat® және PostScript® - Adobe Systems Incorporated компаниясының сауда белгілері.
- Apple және Apple логотипі - АҚШ және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгілері.
- OS X - АҚШ және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі.
- AirPrint - АҚШ және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі.
- iPad - АҚШ және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі.
- iPad, iPhone, iPod touch, Mac және Mac OS - АҚШ және басқа мемлекеттерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгілері.
- Microsoft® және Windows® - Microsoft Corporation корпорациясының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері.
- Барлық басқа брендтер немесе өнім атаулары сәйкес компаниялар немесе ұйымдардың сауда белгілері болып табылады.

REV. 1.01

---

# Мазмұны

---

<b>Кіріспе</b>	Негізгі артықшылықтар	7
	Үлгілер бойынша функциялар	8
	Білген жөн	10
	Осы пайдаланушы нұсқаулығы туралы	11
	Қауіпсіздік туралы ақпарат	12
	Құрылғыға жалпы шолу	18
	Басқару панеліне жалпы шолу	22
	Құрылғыны қосу	26
Бағдарламалық жасақтаманы орнату	27	
<hr/>		
<b>Мәзірді шолу және негізгі параметрлерді орнату</b>	Мәзірді шолу	29
	Құрылғының негізгі параметрлері	34
	Баспа құралы және науа	37
<hr/>		
<b>Желіге қосылған құрылғыны пайдалану</b>	Сымды желіні орнату	52
	Желі арқылы драйверді орнату	54
	Сымсыз желіні орнату	55
	HP Embedded Web Server бағдарламасын пайдалану	63
	HP Smart бағдарламасы	66
<hr/>		
<b>Басып шығару</b>	Негізгі басып шығару	72
	Басып шығару тапсырмасын болдырмау	73
	Басып шығару теңшелімдерін ашу	74
	Таңдаулы параметрді қолдану	75
	Анықтаманы пайдалану	76
	Басып шығару мүмкіндіктері	77
	Состояние принтера бағдарламасын пайдалану	83
<hr/>		
<b>Көшіру</b>	Негізгі көшіру	86
	Әрбір көшірме үшін параметрлерді өзгерту	87
	Жеке бас куәлігінің көшірмесін жасау	90

---

<b>Сканерлеу</b>	Негізгі сканерлеу әдісі	93
	HP MFP Scan program бағдарламасынан сканерлеу	94
	Суреттерді өңдеу бағдарламасында сканерлеу	95
	WIA драйверін пайдаланып сканерлеу	96
	WSD ішіне сканерлеу	97

---

<b>Факс алмасу</b>	Факс жіберуге дайындау	100
	Факс жіберу	101
	Факс қабылдау	108
	Факсті басқа мекенжайға жіберу	112
	Құжат параметрлерін баптау	114
	Факс мекенжай кітапшасын орнату	116

---

<b>Пайдалы параметр мәзірлері</b>	Копир-ние	121
	Факс	124
	Жүйелік параметрлерді орнату	128
	Желі параметрлерін орнату	133

---

<b>Қызмет көрсету</b>	Шығын материалдарына және керек-жарақтарға тапсырыс беру	135
	Алуға болатын жабдықтар	136
	Алуға болатын қосалқы бөлшектер	137
	Тонер картриджін сақтау	138
	Тонерді қайта тарату	140
	Тонер картриджін ауыстыру	141
	Керек-жарақтардың жұмыс мерзімін бақылау	143
	Тонер төмен ескертуін орнату	144
	Құрылғыны тазалау	145

---

<b>Ақаулықтарды жою</b>	Қағаздың кептелуіне жол бермеуге қатысты кеңестер	150
	Түпнұсқа құжат кептелулерін жою	151
	Қағаз кептелуін кетіру	154
	Жарық диодтарын түсіну	157



Шығын материалдары туралы ақпарат есебінде "Low Toner" немесе "Very Low Toner" хабары көрсетіледі	159
Қате туралы хабарламаларды түсіну	160
Қағазды беру қателері	164
Қуат және кабельді жалғау мәселелері	165
Басқа мәселелерді шешу	166
Сымсыз желі мәселелерін шешу	182

---

## Қосымша

Жалпы техникалық сипаттамалар	186
Баспа құралының сипаттамалары	187
Жүйеге қойылатын талаптар	189

---

# Кіріспе

Бұл тарауда машинаны пайдалану алдында білу керек ақпарат берілген.

• Негізгі артықшылықтар	7
• Үлгілер бойынша функциялар	8
• Білген жөн	10
• Осы пайдаланушы нұсқаулығы туралы	11
• Қауіпсіздік туралы ақпарат	12
• Құрылғыға жалпы шолу	18
• Басқару панеліне жалпы шолу	22
• Құрылғыны қосу	26
• Бағдарламалық жасақтаманы орнату	27

---

# Негізгі артықшылықтар

## Ортаға қауіпсіз

- Қағазды үнемдеу үшін түрлі беттерді бір парақ бетіне басып шығара аласыз.
- Электр қуатын үнемдеу үшін бұл машина пайдаланылып жатпаған кезде қуатты тұтынуды айтарлықтай азайтып, электр қуатын автоматты түрде үнемдейді.
- Энергияны сақтау үшін қалдықтардан жасалған қағазды пайдалануды ұсынамыз.

## Ыңғайлылық

- HP MFP Scan — пайдаланушыларға құжаттарды .epub пішімін қоса, бірнеше пішімдерде сканерлеуге, құрастыруға және сақтауға көмектесетін қолданба. Бұл құжаттарды факс арқылы бөлісуге болады (94-беттегі "HP MFP Scan program бағдарламасынан сканерлеу" қараңыз).
- Егер интернетке кіруге мүмкіндігіңіз болса, HP веб-сайтына ([www.hp.com/support/laser130MFP](http://www.hp.com/support/laser130MFP)) кіріп, анықтама, қосымша бағдарлама, құрылғы драйверлері, нұсқаулықтар және тапсырыс туралы ақпаратты ала аласыз.

## Функциялардың және бағдарламалардың кең ауқымына қолдау көрсету

- Әр түрлі қағаз өлшемдерін қолдайды (187-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).
- Су таңбасын басып шығару: Құжаттарды «Құпия» сияқты сөздермен теңшей аласыз.
- Афишаларды басып шығару: Құжаттың әр бетіндегі мәтін мен суреттер ұлғайтылып, бірнеше парақ бетіне көлденең басылып шығады және плакат құру үшін біріктіріледі.

## Әр түрлі сымсыз желіні орнату әдістерін қолдайды

---



Модельге байланысты сымсыз желі қол жетімді емес болуы мүмкін.

---

- ((i))**(Беспроводн.)** түймесін пайдалану
  - Құрылғыдағы және қатынасу орнындағы (сымсыз маршрутизатор) ((i))**(Беспроводн.)** түймесін пайдаланып, сымсыз желіге оңай қосыла аласыз.
- USB кабелін немесе желілік кабельді пайдалану
  - USB кабельді немесе желілік кабельді пайдаланып сымсыз желіге қосылып, оның әр түрлі параметрлерін орната аласыз.
- Wi-Fi Direct мүмкіндігін пайдалану
  - Wi-Fi немесе Wi-Fi Direct мүмкіндігін пайдаланып ұшқыр құрылғыдан ыңғайлы басып шығара аласыз.

# Үлгілер бойынша функциялар

Модельге немесе елге байланысты кейбір мүмкіндіктер және қосымшалар қол жетімді болмауы мүмкін.

## Операциялық жүйе

Операциялық жүйе	MFP 131a, 135a, 135ag, 135r, 136a, 138p series	MFP 135w, 135wg, 136w, 136nw, 133pn, 137fnw, 137fwg, 138fnw, 138pn, 138pnw series
Windows	•	•
Mac		• <sup>a</sup>

a. AirPrint функциясы тікелей Mac OS жүйесінен басып шығаруға мүмкіндік береді.

(•: қолдайды, бос: Қолдамайды)

## Бағдарламалық жасақтама

Бағдарламалық жасақтама	MFP 131a, 135a, 135ag, 135r, 135w, 135wg, 136a, 136w, 136nw series	MFP 133pn, 137fnw, 137fwg, 138fnw, 138p, 138pn, 138pnw series
Принтер драйвері	•	•
HP MFP Scan	•	•
Принтердің күйі	•	•
HP LJ Network PC Fax		•
HP Embedded Web Server	• (MFP 135w, 135wg, 136w, 136nw series ғана)	• (MFP 133pn, 137fnw, 137fwg, 138fnw, 138pn, 138pnw series ғана)

(•: қолдайды, бос: Қолдамайды)

## Әр түрлі мүмкіндіктер

Мүмкіндіктер	MFP 131a, 135a,135ag, 135r, 135w, 135wg, 136a, 136w, 136nw series	MFP 133pn, 137fnw, 137fwg, 138fnw, 138p, 138pn, 138pnw series
Жоғары жылдамдықты USB 2.0	•	•
Network Interface Ethernet 10/100 Base TX сымды жергілікті желі	• (MFP 136nw series ғана)	• (MFP 133pn, 137fnw, 137fwg, 138fnw, 138pn, 138pnw series ғана)
Желілік интерфейс – 802.11b/g/n сымсыз LAN <sup>a</sup>	• (MFP 135w, 135wg, 136w, 136nw series ғана)	• (MFP 137fnw, 137fwg, 138fnw, 138pnw series ғана)
Wi-Fi Protected Setup™ (WPS)	• (MFP 135w, 135wg, 136w, 136nw series ғана)	• (MFP 137fnw, 137fwg, 138fnw, 138pnw series ғана)
Құжаттарды автоматты түрде беру құрылғысы (ADF)		•
Факс		•
Сканерлеу	•	•
Көшірме	•	•

a.Елге байланысты сымсыз жергілікті желі картасы қол жетімді болмауы мүмкін. Кейбір елдерде тек 802.11 b/g желісін пайдалану мүмкін. Құрылғыны сатып алған жергілікті HP дилеріне немесе сатушыға хабарласыңыз.

(•: қолдайды, бос: Қолдамайды)

---

# Білген жөн

## Құрылғы басып шығармайды.

- Басып шығару кезегі тізімін ашыңыз және құжатты тізімнен алып тастаңыз (73-беттегі "Басып шығару тапсырмасын болдырмау" бөлімін қараңыз).
- Драйверді жойып, қайта орнатыңыз (27-беттегі "Бағдарламалық жасақтаманы орнату" бөлімін қараңыз).
- Құрылғыны Windows жүйесінде әдепкі құрылғы ретінде таңдаңыз.

## Керек-жарақтарды немесе шығын материалдарын қайда сатып алуға болады?

- HP дистрибьюторынан немесе бөлшек сатушыдан сұраңыз.
- HP веб-сайтына (<https://store.hp.com/>) кіріңіз. Өнімге қызмет көрсету туралы ақпаратты қарауға болады.

## Көрсеткіш шамы жыпықтайды немесе тұрақты жанып тұрады.

- Өнімді өшіріп, қайта қосыңыз.
- Осы нұсқаулықта көрсеткіш шамның мағыналарын тексеріңіз және ақауларды сәйкесінше жойыңыз (157-беттегі "Жарық диодтарын түсіну" бөлімін қараңыз).

## Қағаз кептелісі орын алды.

- Сканерді ашып жабыңыз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" қараңыз).
- Осы нұсқаулықта қағаз кептелісін алып тастау туралы нұсқауларды қараңыз және сәйкесінше ақаулықтарды жойыңыз (154-беттегі "Қағаз кептелуін кетіру" бөлімін қараңыз).

## Басып шығарылған қағазда дақтар бар.

- Тонер деңгейі төмен немесе біркелкі емес болуы мүмкін. Тонер картриджді шайқаңыз (140-беттегі "Тонерді қайта тарату" бөлімін қараңыз).
- Басып шығару ажыратымдылығының басқа параметрлерін қолданып көріңіз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
- Тонер картриджді ауыстырыңыз (141-беттегі "Тонер картриджді ауыстыру" бөлімін қараңыз).

## Машинаның драйверін қайда қотаруға болады?

- HP веб-сайтына ([www.hp.com/support/laser130MFP](http://www.hp.com/support/laser130MFP)) кіріп, анықтама, қосымша бағдарлама, құрылғы драйверлері, нұсқаулықтар және тапсырыс туралы ақпаратты ала аласыз.

# Осы пайдаланушы нұсқаулығы туралы

Осы пайдаланушы нұсқаулығында машинаның негіздері туралы ақпарат, сонымен бірге, машинаны пайдалануды түсіндіретін егжей-тегжейлі қадамдар берілген.




- Бұл нұсқаулықты тастамаңыз және болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз.
- Құрылғыны пайдалану алдында қауіпсіздік туралы ақпаратты оқып шығыңыз.
- Машинаны пайдалану бойынша мәселе болса, ақаулықтарды жою тарауын қараңыз.
- Осы пайдаланушы нұсқаулығында пайдаланылған терминдер глоссарий тарауында түсіндірілген.
- Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы барлық суреттер оның параметрлеріне немесе сатып алған модельге байланысты басқа болуы мүмкін.
- Осы әкімші нұсқаулығындағы скриншоттар құрылғының микробағдарламасының/драйверінің нұсқасына байланысты басқа болуы мүмкін.
- Осы пайдаланушы нұсқаулығындағы іс рәсімдер негізінен Windows 7 жүйесіне негізделген.

## Келісімдер

Бұл нұсқаулықтағы кейбір терминдер төмендегідей бір-бірінің орнын басады:

- Құжат түпнұсқаның синонимі болып табылады.
- Қағаз құралдың немесе баспа құралының синонимі болып табылады.
- Құрылғы принтерді немесе көп функциялы сыртқы құрылғыны білдіреді.

## Жалпы белгішелер



Белгіше	Текст	Сипаттама
	Ескерту	Пайдаланушыларға жарақат алу мүмкіндігі бар екендігін ескерту үшін пайдаланылады.
	Абайлаңыз	Құрылғыны ықтимал механикалық зақымнан қорғау немесе бұзылуына жол бермеу туралы пайдаланушыларға ақпарат береді.
	Ескертпе	Құрылғының функциясы және мүмкіндігі туралы толық техникалық сипат немесе қосымша ақпарат береді.

# Қауіпсіздік туралы ақпарат

Бұл ескертулер мен алдын ала сақтандырулар сіздің немесе басқалардың жарақаттануына және құрылғыңызға қандай да бір зақым келуіне жол бермеу үшін беріледі. Құрылғыны пайдалану алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алыңыз. Бұл бөлімді оқып шыққаннан кейін келешекте пайдалану үшін оны сенімді жерде сақтаңыз.






## Маңызды қауіпсіздік таңбалары

### Осы тараудағы барлық белгішелердің және таңбалардың түсіндірмесі

	<b>Ескерту</b>	Ауыр дене жарақаты немесе өлімге әкелетін қауіптер немесе қауіпті әрекеттер.
	<b>Абайлаңыз</b>	Жеңіл дене жарақаты немесе мүліктің зақымдануына әкелуі мүмкін қауіптер немесе қауіпті әрекеттер.

## Жұмыс істеу ортасы

### Ескерту

	Қуат сымы зақымдалған немесе электр розеткасы жерге қосылмаған болса, пайдаланбаңыз. Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Машинаның үстіне ештеңе қоймаңыз (су, шағын металл немесе ауыр заттар, шамдар, тұтатқан шылым, т.б.) Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	<ul style="list-style-type: none"><li>• Машина шамадан тыс қызса, түтін шығарса, оғаш шуды шығарса немесе жаман иіс шығарса, қуат қосқышын бірден өшіріңіз және машинаны розеткадан ажыратыңыз.</li><li>• Пайдаланушыдан штепсельді суыруды қажет ететін төтенше жағдайда пайдаланушы қуат розеткасына жете алуы керек.</li></ul> Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Қуат сымын бүкпеңіз немесе оның үстіне ауыр заттар қоймаңыз. Қуат сымын таптау немесе оны ауыр нәрселермен мыжылуы электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Штепсельді сымды тартып суырмаңыз. Штепсельді сулы қолдармен ұстамаңыз. Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.






## Абайлаңыз

	Нажағай болғанда немесе пайдаланбаған кезде, қуат штепселін электр розеткасынан суырыңыз. Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Әдепкі бойынша, қағаз шығару аумағы ыстық болады. Күйіп қалуыңыз мүмкін.
	Егер машина түсіріп алынса немесе корпус зақымдалса, машинаны барлық интерфейс қосылымдарынан ажыратыңыз және білікті қызмет көрсету маманынан көмек сұраңыз. Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Осы нұсқауларды орындағаннан кейін машина дұрыс жұмыс істемесе, машинаны барлық интерфейс қосылымдарынан ажыратыңыз және білікті қызмет көрсету маманынан көмек сұраңыз. Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Егер штепсель электр розеткасына оңай кірмесе, оны күшпен енгізуге тырыспаңыз. Электр розеткасын өзгерту үшін электрик маманды шақырыңыз немесе бұл электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.
	Үй жануарларына қуат сымын, телефон немесе компьютер интерфейсi сымдарын шайнауға рұқсат етпеңіз. Бұл электр тогының соғуына немесе өртке және/немесе үй жануарының жарақаттануына әкелуі мүмкін.

## Жұмыс істеу әдісі



### Абайлаңыз


	Басып шығару кезінде қағазды күшпен шығарып алмаңыз. Бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.
	Машина мен қағаз науасының арасына қолыңызды қоймаңыз. Жарақаттануыңыз мүмкін.
	Қағазды ауыстыру немесе кептелген қағазды алу кезінде сақ болыңыз. Жаңа қағаздың шеттері өткір және жырып кетуі мүмкін.









	Үлкен мөлшерлерде басып шығарғанда, қағазды шығару аумағының төменгі бөлігі қызуы мүмкін. Балалардың ұстауына жол бермеңіз. Күйіп қалуыңыз мүмкін.
	Кептелген қағазды алғанда, қысқыштарды немесе өткір металл заттарды пайдаланбаңыз. Бұл құрылғыға зиян келтіруі мүмкін.
	Қағазды шығару наусында тым көп қағаздың жиналуына жол бермеңіз. Бұл құрылғыға зиян келтіруі мүмкін.
	Желдету тесігін заттармен бітемеңіз немесе тықпаңыз. Бұл құрамдастарын қыздырып, зақымдалуға немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Мұнда көрсетілгендерден өзгешеленетін басқару құралдарын не баптауларды не жұмыстарды пайдалану радиацияға ұшырау қаупін тудыруы мүмкін.
	Машинаның қуатты қабылдау құрылғысы – бұл қуат сымы. Қуатты өшіру үшін қуат сымын электр розеткасынан алып тастаңыз.



## Орнату / Жылжыту

### Ескерту

	Машинаны шаң, ылғалды немесе су ағатын аумаққа қоймаңыз. Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.
	Құрылғыны жұмыс температурасы және ылғалдылық сипаттамасына сай болатын жерге қойыңыз. Құрылғы мұздату температурасынан төмен болғанда немесе алдында мұздату температурасынан төмен жерден жылжытылған кезде, оны пайдаланбаңыз. Құрылғы зақымдалуы мүмкін. Құрылғының ішкі температурасы басқару температурасы мен ылғалдылық сипаттамаларының ауқымында болғанда ғана құрылғыны пайдаланыңыз. Болмаса, сапа ақауы пайда болып, құрылғыға зиян келтіруі мүмкін. 186-беттегі "Жалпы техникалық сипаттамалар" қараңыз.

 **Абайлаңыз**

	<p>Машинаны жылжыту алдында қуатты өшіріңіз және барлық сымдарды ажыратыңыз. Төмендегі ақпарат тек құрылғының салмағына негізделген ұсыныстар болып табылады. Көтеруге рұқсат етілмеген медициналық шарт қойылған болса, машинаны көтермеңіз. Көмек сұраңыз және құрылғыны қауіпсіз сақтау үшін әрқашан тиісті адамдар санын қолданыңыз.</p> <p>Одан кейін құрылғыны көтеріңіз:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Егер құрылғы 20 кг-нан (44,09 фунт) аспаса, 1 адам көтеруге болады.</li><li>• Егер құрылғы салмағы 20 кг (44,09 фунт) - 40 кг (88,18 фунт) арасында болса, 2 адам болып көтеріңіз.</li><li>• Егер құрылғының салмағы 40 кг-нан (88,18 фунт) асса, 4 немесе одан көп адам болып көтеріңіз.</li></ul> <p>Құрылғы құлап кетіп, жарақаттануға немесе құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін.</p>
	<p>Құрылғыны орналастыру үшін желдету үшін жеткілікті бос орны бар тегіс бетті таңдаңыз. Сонымен қатар, қақпақ пен науаларды ашу үшін қажетті бос орын бөліңіз.</p> <p>Орын жақсы желдетілетін және тікелей жарық, ыстық пен ылғалдан ары болуы керек.</p>
	<p>Құрылғыны ұзақ уақыт ішінде пайдаланған кезде немесе желдетілмейтін жерде беттердің үлкен мөлшерін басып шығарған кезде, бұл ауаны ластауы және денсаулығыңыз үшін қауіпті болуы мүмкін. Құрылғыны жақсы желдетілетін жерде орналастырыңыз немесе ауаның дүркін-дүркін айналуы үшін терезені ашыңыз.</p>
	<p>Машинаны тұрақсыз бетке қоймаңыз.</p> <p>Құрылғы құлап кетіп, жарақаттануға немесе құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін.</p>
	<p>Қажет болса, тек No.26 AWG сымын<sup>a</sup> немесе үлкенірек сымды, телефон желісі сымын пайдаланыңыз.</p> <p>Әйтпесе бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.</p>
	<p>Қуат штепселін жерге қосылған электр розеткасына қосыңыз.</p> <p>Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.</p>
	<p>Қауіпсіз пайдалану үшін машинамен бірге берілген қуат сымын пайдаланыңыз. Егер 110 В құрылғыға сым 2 метрден (6 фут) асатын сым пайдаланылатын болса, калибр 16 AWG немесе үлкенірек болуы керек.</p> <p>Әйтпесе бұл құрылғыға зақым келтіріп, электр тогының соғуына немесе өртке әкеп соқтыруы мүмкін.</p>
	<p>Құрылғы үстіне қақпақ қоймаңыз немесе оны туалет сияқты ауа аз жерге орнатпаңыз.</p> <p>Егер құрылғы желдетілмесе, бұл өртке әкелуі мүмкін.</p>

	<p>Қабырға розеткаларына және кеңейту сымдарына шамадан тыс жүктеме түсірмеңіз.</p> <p>Бұл өнімділікті азайтып, электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.</p>
	<p>Құрылғы белгіде көрсетілген қуат деңгейімен қосылуы тиіс.</p> <p>Егер сенімсіз болсаңыз және қуат деңгейін тексергіңіз келсе, электр жабдықтары компаниясына хабарласыңыз.</p>

а.AWG: Америкалық сымдық калибр


## Қызмет көрсету / Тексеру

### Абайлаңыз

	<p>Машинаның ішін тазалау алдында өнімді қабырға розеткасынан ажыратыңыз. Машинаны бензинмен, араластырғышпен немесе алкогольмен тазаламаңыз. Суды тікелей машинаға бүркімеңіз.</p> <p>Бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.</p>
	<p>Машинаның ішінде шығын материалдарын ауыстырғанда немесе ішін тазалағанда, машинаны қоспаңыз.</p> <p>Жарақаттануыңыз мүмкін.</p>
	<p>Тазалау шығын материалдарын балалар тимейтін жерде сақтаңыз.</p> <p>Балалар жарақаттануы мүмкін.</p>
	<p>Машинаны өз бетіңізше бөлшектемеңіз, жөндемеңіз немесе қайта құрастырмаңыз.</p> <p>Бұл құрылғыға зиян келтіруі мүмкін. Машинаны жөндеу қажет болса, куәліктендірілген техникалық маманды шақырыңыз.</p>
	<p>Машинаны тазалау және пайдалану үшін машинамен бірге берілген пайдаланушы нұсқаулығын қатаң орындаңыз.</p> <p>Әйтпесе құрылғыға зиян келтіруіңіз мүмкін.</p>
	<p>Қуат сымын және розетканың тиетін бетін шаң немесе судан таза ұстаңыз.</p> <p>Әйтпесе бұл электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.</p>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бұрандалармен бекітілген ешбір қақпақтарды немесе орауыштарды алмаңыз.</li> <li>• Құрылғыны тек куәліктендірілген қызмет көрсету техникалық маманы жөндеуі керек. Куәліктендірілмеген техникалық мамандардың жөндеуі өртке немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.</li> <li>• Құрылғыны тек HP қызмет көрсету техникалық маманы жөндеуі керек.</li> </ul>

## Керек-жарақтарды пайдалану

### Абайлаңыз

	<p>Картриджді бөлшектемеңіз.</p> <p>Тонер шаңы тыныс алғанда немесе жұтылған жағдайда қауіпті болуы мүмкін.</p>
	<p>Тонер картриджі немесе термофиксатор сияқты ешбір шығын материалдарын жақпаңыз.</p> <p>Бұл жарылысқа немесе сөндіру қиын өртке әкелуі мүмкін.</p>
	<p>Тонер картриждері сияқты шығын материалдарын сақтағанда, оларды балалар жетпейтін жерде сақтаңыз.</p> <p>Тонер шаңы тыныс алғанда немесе жұтылған жағдайда қауіпті болуы мүмкін.</p>
	<p>Тонер сияқты қалпына келтірілген шығын материалдарын пайдалану машинаны зақымдауы мүмкін.</p> <p>Қайта пайдаға жаратылған керек-жарақтарға байланысты зақымданған жағдайда қызметтік төлем алынады.</p>
	<p>Тонер шаңы бар жабдықтар (тонер картриджі, пайдаланылған тонер ыдысы, бейнелеу құрылғысы) үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Жабдықты тастау кезінде тастау бойынша нұсқауларды орындаңыз. Тастау бойынша нұсқауларды алу үшін делдалға хабарласыңыз.</li><li>• Жабдықты жумаңыз.</li><li>• Пайдаланылған тонер ыдысы үшін, ыдысты босатқаннан кейін оны қайта пайдаланбаңыз.</li></ul> <p>Егер жоғарыдағы нұсқаулар орындалмаса, құрылғы дұрыс жұмыс істемеуі және қоршаған орта ластануы мүмкін. Кепілдік пайдаланушының абайсыздығынан туындаған зақымдарды қамтымайды.</p>
	<p>Тонер киімге тигенде, оны жуу үшін ыстық суды пайдаланбаңыз.</p> <p>Ыстық су тонерді талшыққа сіңдіріп жібереді. Салқын суды пайдаланыңыз.</p>
	<p>Тонер картриджін толтырғанда немесе кептелген қағазды алып тастағанда, тонер шаңын денеге немесе киімге тигізбеңіз.</p> <p>Тонер шаңы тыныс алғанда немесе жұтылған жағдайда қауіпті болуы мүмкін.</p>

# Құрылғыға жалпы шолу

## Құрамдастар

Іс жүзіндегі құрамдас төмендегі суреттен басқаша болуы мүмкін. Конфигурацияға байланысты кейбір құрамдастар өзгеруі мүмкін.

	Құрылғы <sup>a</sup>
	Орнату бойынша нұсқаулық және анықтамалық нұсқаулық
	Қуат сымы
	Әр түрлі керек-жарақтар <sup>b</sup>

a. Құрылғы үлгіңізге қарай бұл сурет өзгеше болуы мүмкін. Құрылғының көп түрлері бар.


b. Машинада болатын әр түрлі керек-жарақтар сатып алған елге және нақты модельге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

## Алдыңғы көрінісі



- Құрылғы үлгіңізге қарай бұл сурет өзгеше болуы мүмкін. Құрылғының көп түрлері бар.
- Модельге немесе елге байланысты кейбір мүмкіндіктер және қосымшалар қол жетімді болмауы мүмкін (8-беттегі "Үлгілер бойынша функциялар" бөлімін қараңыз).

## А түрі








1	Сканер қақпағы	7	Шығыс науасы
2	Басқару панелі	8	Сканер шынысы
3	Тұтқа	9	Сканер <sup>a b</sup>
4	Науа	10	Ішкі қақпақ
5	Науа тұтқасы	11	Тонер картриджі
6	Шығыс тіреуіші		

a.Сканерді ашпас бұрын сканер қақпағын жабыңыз.

b.Саусақтарыңызды қысып алмаңыз.

## В түрі



1	Құжат бергіштің қақпағы	9	Шығыс тіреуіші
2	Құжат бергіштің бағыттауыш қақпағы	10	Шығыс науасы
3	Құжат бергіштің шығыс науасы	11	Сканер қақпағы
4	Құжат бергіштің шығыс тіреуіші	12	Сканер шынысы
5	Басқару панелі	13	Сканер <sup>a b</sup>
6	Тұтқа	14	Ішкі қақпақ
7	Науа	15	Тонер картриджі
8	Науа тұтқасы		

a.Сканерді ашпас бұрын сканер қақпағын жабыңыз.

b.Саусақтарыңызды қысып алмаңыз.




## Артқы көрінісі




- Құрылғы үлгіңізге қарай бұл сурет өзгеше болуы мүмкін. Құрылғының көп түрлері бар.
- Модельге немесе елге байланысты кейбір мүмкіндіктер және қосымшалар қол жетімді болмауы мүмкін (8-беттегі "Үлгілер бойынша функциялар" бөлімін қараңыз).

### А түрі



1	USB порты
2	Электрлік дәнекер

### В түрі



1	USB порты
2	Желілік порт <sup>а</sup>
3	Қосымша телефон ұясы (EXT.) <sup>б</sup>
4	Телефон желісінің ұясы (LINE) <sup>б</sup>
5	Электрлік дәнекер

а. Желілік үлгі ғана.


б. Факс үлгісі ғана.

# Басқару панеліне жалпы шолу










- Бұл басқару панелі моделіне байланысты әр түрлі болуы мүмкін. Басқару тақталарының әр түрлі түрлері бар.
- Модельге немесе елге байланысты кейбір мүмкіндіктер және қосымшалар қол жетімді болмауы мүмкін (8-беттегі "Үлгілер бойынша функциялар" бөлімін қараңыз).


## А түрі

















1	Копия удостов.		Парақтың бір бетіне жүргізуші куәлігі сияқты жеке куәлік карталарының екі жағын көшіруге мүмкіндік береді (90-беттегі "Жеке бас куәлігінің көшірмесін жасау" бөлімін қараңыз).
2	Контраст		Түпнұсқа құжатта анық емес белгілер мен күңгірт суреттер болғанда, оқу оңайырақ болуға көшірме жасау үшін жарықтық деңгейін реттейді.
3	Шкала		Сканер шынысында түпнұсқа құжаттарды көшіргенде, көшірілген суреттің өлшемін 25% - 400% арасында кішірейтуге немесе үлкейтуге болады (88-беттегі "Кішірейтілген немесе үлкейтілген көшірме" бөлімін қараңыз).
	Сканерлеу		Сканерлеу және көшіру режимдерінің арасында ауыстырып қосылады.
4	Ақпарат		Құрылғы туралы толық ақпарат береді. Осы түймені басып арқылы конфигурация бетін басып шығарады.
	Беспроводн.		<b>Wi-Fi</b> мәзіріне кіру үшін, осы түймені басыңыз. Немесе <b>PBC</b> режиміне кіру үшін, осы түймені 3 секундқа немесе одан аса басып тұрыңыз (55-беттегі "Сымсыз желіні орнату" бөлімін қараңыз).
5	Дисплей экраны		Ағымдағы күйді көрсетіп, жұмыс кезінде ұсыныстар жасайды.





6	Состояние жарық диоды		Құрылғының күйін көрсетеді (157-беттегі "Жарық диодтарын түсіну" бөлімін қараңыз).
7	Меню		«Menu» мәзірін ашады және қол жетімді мәзірлерде жылжиды (29-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).
8	ОК		Экранындағы таңдауды растайды.
9	Сол/оң жақ жолақтар		Таңдалған мәзірдің ішіндегі қол жетімді опциялар арқылы жылжытып, мәндерді арттырады немесе азайтады.
10	Назад		Жоғарғы мәзір деңгейіне қайтарады.
11	Отмена		Жұмысты кез келген уақытта тоқтатады.
12	Питание		Қуатты қосады немесе өшіреді я болмаса құрылғыны қуатты үнемдеу режимінен оятады. Егер құрылғыны өшіру керек болса, осы түймені үш секундтан көбірек басыңыз.
13	Бастау		Тапсырманы бастайды.

## В түрі



1	Копия удостов.		Парақтың бір бетіне жүргізуші куәлігі сияқты жеке куәлік карталарының екі жағын көшіруге мүмкіндік береді (90-беттегі "Жеке бас куәлігінің көшірмесін жасау" бөлімін қараңыз).
2	Контраст		Түпнұсқа құжатта анық емес белгілер мен күңгірт суреттер болғанда, оқу оңайырақ болуға көшірме жасау үшін жарықтық деңгейін реттейді.
3	Шкала		Сканер шынысында түпнұсқа құжаттарды көшіргенде, көшірілген суреттің өлшемін 25% - 400% арасында кішірейтуге немесе үлкейтуге болады (88-беттегі "Кішірейтілген немесе үлкейтілген көшірме" бөлімін қараңыз).


4	Ақпарат		Құрылғы туралы толық ақпарат береді. Осы түймені басу арқылы конфигурация бетін басып шығарады.
	Беспроводн.		<b>Wi-Fi</b> мәзіріне кіру үшін, осы түймені басыңыз. Немесе <b>PBC</b> режиміне кіру үшін, осы түймені 3 секундқа немесе одан аса басып тұрыңыз (55-беттегі "Сымсыз желіні орнату" бөлімін қараңыз).
5	Дисплей экраны		Ағымдағы күйді көрсетіп, жұмыс кезінде ұсыныстар жасайды.
6	Состояние жарық диоды		Құрылғының күйін көрсетеді (157-беттегі "Жарық диодтарын түсіну" бөлімін қараңыз).
7	Факс		Факс режимін қосады.
8	Копир-ние		Көшірме режимін қосады.
9	Сканерлеу		Сканерлеу режимін қосады.
10	Меню		«Menu» мәзірін ашады және қол жетімді мәзірлерде жылжиды (29-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).
11	OK		Экранындағы таңдауды растайды. Сондай-ақ қолмен басып шығаруға болады. Драйверден <b>Двусторонняя печать (Вручную)</b> режимін таңдаған жағдайда, барлық беттің екінші жағын басып шығару үшін осы түймені басыңыз.
12	Сол/оң жақ жолақтар		Таңдалған мәзірдің ішіндегі қол жетімді опциялар арқылы жылжытып, мәндерді арттырады немесе азайтады.
13	Назад		Жоғарғы мәзір деңгейіне қайтарады.
14	Сандық пернетақта		Нөмірді тереді немесе әліпбилік-сандық таңбаларды енгізеді (35-беттегі "Пернетақтадағы әріптер мен сандар" бөлімін қараңыз).
15	Адресная книга		Жиі пайдаланылатын факс нөмірлерін сақтауға немесе сақталған факс нөмірлерін іздеуге мүмкіндік береді (116-беттегі "Факс мекенжай кітапшасын орнату" бөлімін қараңыз).
16	Повторный набор/Пауза		Дайын режимінде жақында жіберілген факс нөмірін немесе алынған қоңырау шалушы идентификаторын қайта тереді я болмаса өңдеу режимінде факс нөміріне кідірту(-) таңбасын енгізеді (105-беттегі "Факс нөмірін қайта теру" бөлімін қараңыз).


17	<b>Набор без снятия трубки</b>		Бұл түймені басқанда, теру үнін естисіз. Сосын факс нөмірін енгізіңіз. Спикерфонды пайдаланып қоңырау соғуға ұқсайды (109-беттегі "Факстерді «Tel» режимінде қолмен қабылдау" бөлімін қараңыз).
18	<b>Отмена</b>		Әрекеттерді кез келген уақытта тоқтатады.
19	<b>Питание</b>		Қуатты қосады немесе өшіреді я болмаса құрылғыны қуатты үнемдеу режимінен оятады. Егер құрылғыны өшіру керек болса, осы түймені үш секундтан көбірек басыңыз.
20	<b>Бастау</b>		Тапсырманы бастайды.


---

# Құрылғыны қосу

- 1 Құрылғыны алдымен электр көзіне қосыңыз.  
Құрылғының қуат қосқышы болса, қосқышты қосыңыз.



- 
-  Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).
- 

- 2 Қуат автоматты түрде өшеді.  
Немесе, басқару тақтасындағы  (Питание) түймесін басыңыз.

-  Егер қуатты ажыратқыңыз келсе,  (Питание) түймесін 3 секундтай басып ұстап тұрыңыз.
-

---

# Бағдарламалық жасақтаманы орнату

Құрылғыны орнатып, компьютерге қосқаннан кейін принтер бағдарламалық жасақтамасын орнатуыңыз керек. Принтердің бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін, HP веб-сайтынан бағдарламалық жасақтама бумаларын жүктеп алуыңыз керек.

Орнату алдында компьютердің операциялық жүйесі бағдарламалық жасақтаманы қолдайтынын тексеріңіз (8-беттегі "Операциялық жүйе" бөлімін қараңыз).

HP бойынша принтерге арналған толық анықтаманы алу үшін [www.hp.com/support/laser130MFP](http://www.hp.com/support/laser130MFP) веб-сайтына өтіңіз.

Төмендегі қолдау көрсету тармақтарын табыңыз:

- Орнату және теңшеу
- Ақпарат алу және пайдалану
- Мәселелерді шешу
- Бағдарламалық жасақтама мен микробағдарламаның жаңа нұсқаларын жүктеп алу
- Қолдау көрсету форумдарына қосылу
- Кепілдік пен нормативтік ақпаратты табу



Жергілікті қосылған машина – кабельді пайдаланып компьютерге тікелей жалғанған машина. Құрылғы желіге қосылған болса, төмендегі келесі қадамдарды өткізіп жіберіңіз және желіге қосылған құрылғының драйверін орнатуға өтіңіз (54-беттегі "Желі арқылы драйверді орнату" бөлімін қараңыз).



Тек 3 метрден (118 дюйм) аспайтын USB кабелін пайдаланыңыз.

---

# Мәзірді шолу және негізгі параметрлерді орнату

Бұл тарауда жалпы мәзір құрылымы және негізгі теңшеу параметрлері туралы ақпарат берілген.

- Мәзірді шолу 29
- Құрылғының негізгі параметрлері 34
- Баспа құралы және науа 37



---

# Мәзірді шолу


Басқару тақтасы құрылғы параметрлерін орнату немесе құрылғы функцияларын пайдалану үшін түрлі мәзірлерді ашуға мүмкіндік береді.

---



- Параметрлерге немесе үлгілерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.
  - Машинаңыздың параметрлеріне немесе моделіне байланысты кейбір мәзір атаулары басқа болуы мүмкін.
  - Мәзірлер «Пайдалы параметр мәзірлері» тарауында сипатталған (120-беттегі "Пайдалы параметр мәзірлері" бөлімін қараңыз).
- 

## Мәзірге қатынасу

- 1 Пайдаланылатын мүмкіндікке байланысты басқару тақтасында Fax, Copy немесе Scan түймесін таңдаңыз.
- 2 Дисплейдің төменгі жағында мәзір пайда болғанша **...** (**Меню**) түймесін басып, **OK** түймесін басыңыз.
- 3 Қажет мәзір элементі шыққанша көрсеткілерді басыңыз және **OK** түймесін басыңыз.
- 4 Егер параметр элементінде ішкі мәзірлер бар болса, 3-қадамды қайталаңыз.
- 5 Таңдалған параметрді сақтау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 6 Дайын режиміне оралу үшін  (**Отмена**) түймесін басыңыз.

Элементтер	Параметрлер	
Функция факса <sup>a</sup>	Плотность	Стандартное Темное+1- Темное+5 Светлое+5- Светлое+1
	Разрешение	Стандартное Четкое Очень четкое Фотография Цветной
	Исход. размер	
	Отпр.нескольк.	
	Отлож. отправ.	
	Приор. отправ.	
	Переслать	Перес. на факс
	Перенаправить	Перес. на факс Перес. на ПК Перес.и печать
	Безопас. прием	Выкл. Вкл. Печать
	Добавить стр.	
	Отмена задания	
Настр. факса <sup>a</sup>	Отправка	Кол-во дозв. Интервал дозв. Префикс набора Реж. испр. ош. Подтв. факс Образ страницы Режим набора <sup>b</sup>
	Прием	Режим приема Звонк. до отв. Печ. дан.факса Код начала пр. Автоуменьшение Обрезать изоб. Наст. неж.факс Режим DRPD <sup>b</sup>

Элементтер	Параметрлер	
Настр. факса <sup>a</sup> (жалғастыру)	Измен. умолч.	Разрешение Плотность Исход. размер
	Пр./пер. вруч.	Вкл. Выкл.
	Диал.смартфакс	Автоконфиг. Начать сейчас Инициал.
Копирование	Исход. размер	
	Масштабировать	
	Плотность	Стандартное Темное+1- Темное+5 Светлое+5- Светлое+1
	Тип оригинала	Текст Текст и фотография Фото
	Разбор копий	Вкл. Выкл.
	Макет	Стандартное 2 копии/стр. 4 копии/стр. Копия удостов.
	Настройка фона	Выкл. Авто Усил.: уров.1 Усил.: уров.2 Удал.: уров.1- Удал.: уров.4
Настр. копии	Измен. умолч.	Исход. размер Копии Масштабировать Плотность Тип оригинала Разбор копий

Элементтер	Параметрлер	
Настр. сист.	Настройка	ИД устройства <sup>a</sup> Номер факса <sup>a</sup> Дата и время <sup>a</sup> Режим часов <sup>a</sup> Язык Реж. по умолч. <sup>c</sup> Энергосбереж. Автовykl. пит. <sup>c</sup> Соб. пробужд. Время ож.сист. Вр.ожид.задан. Над уров. моря Автопродолж. <sup>d</sup> Замена бумаги <sup>d</sup> Эконом. тонера
	Настр. бумаги	Размер бумаги Тип бумаги Поле
	Звук/громкость <sup>a</sup>	Звук клавиш Сигнал Динамик Звонок
	Отчет	Конфигурация Тест. страница Конфигур. сети <sup>f</sup> Расх. материал Счетчик испол. Факс принят <sup>a</sup> Факс отправлен <sup>a</sup> Заплан. задания <sup>a</sup> Подтв. факс <sup>a</sup> Нежелат. факс <sup>a</sup> Адресная книга <sup>a</sup>

Элементтер	Параметрлер	
Настр. сист. (жалғастыру)	Обслуживание	Уд.сообщ.тон. <sup>e</sup> Срок службы Мастер изобр. Заканч. тонер Серийный номер
Сеть <sup>f</sup>	TCP/IP (IPv4)	DHCP BOOTP Статический
	TCP/IP (IPv6)	Протокол IPv6 Конфиг. DHCPv6
	Ethernet	Порт Ethernet Скор. Ethernet
	Wi-Fi <sup>g</sup>	ВКЛ/ВЫКЛ Wi-Fi Парам. Wi-Fi <sup>c</sup> WPS Wi-Fi Direct Сигнал Wi-Fi Б.сеть: По ум.
	Мастер проток.	HTTP WINS SNMPv1/v2t UPNP(SSDP) MDNS SLP
	Конфигур. сети	
	Сброс настр.	

a. Факс үлгісі ғана.

b. Бұл опция елге байланысты болмауы мүмкін.

c. Бұл опция үлгілерге байланысты дисплейде пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.

d. Бұл параметр **в лотке 1** қосылған болса ғана көрсетіледі.

e. Картридже тонердің аз мөлшері қалған кезде бұл параметр пайда болуы мүмкін.

f. Желілік үлгі ғана.

g. Сымсыз үлгі ғана.

---

# Құрылғының негізгі параметрлері

---



Құрылғыда орнатылған құрылғы параметрін HP Embedded Web Server ішінен өзгертесіз. Құрылғы желіге қосылған болса, құрылғы параметрін **HP Embedded Web Server > Настройки** қойындысы > **Параметры устройства** (63-беттегі "HP Embedded Web Server бағдарламасын пайдалану" бөлімін қараңыз) арқылы орнатуға болады.

---

## Құрылғының әдепкі параметрлері


Орнату аяқталғаннан кейін құрылғының әдепкі параметрлерін орнатқыңыз келуі мүмкін. Құрылғының әдепкі параметрлерін өзгерту үшін мына қадамдарды орындаңыз:

---



Кейбір модельдерде төменірек деңгейдегі мәзірлерге өту үшін **OK** түймесін басу қажет болуы мүмкін.

---

- 1 Басқару тақтасында **••• (Меню)** түймесін басыңыз.
- 2 **Настр. сист.** > **Настройка** тармағына өтіңіз.
- 3 Қажет параметрді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
- 4 Қажетті қосымша параметрді таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
- 5 Таңдалған параметрді сақтау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 6 Дайын режиміне оралу үшін  **(Отмена)** түймесін басыңыз.

## Түрлі таңбаларды енгізу

Түрлі тапсырмалар орындалғанда, атаулар мен сандарды енгізу қажет болуы мүмкін. Мысалы, құрылғы параметрлерін орнатқанда, атыңызды, компания атын және факс нөмірін енгізесіз. Факс нөмірлерін немесе электрондық пошта мекенжайларын жадта сақтау кезінде тиісті атауларды да енгізуге болады.

## Әріптік-сандық таңбаларды енгізу

Дисплейде тиісті әріп пайда болғанша, түймені басып тұрыңыз. Мысалы, О әрпін енгізу үшін, MNO болып белгіленген 6 санын басыңыз. 6 санын басқан сайын, дисплейде M, N, O, m, n, o әріптері және соңында 6 саны көрсетіледі. Енгізгіңіз келетін әріпті табу үшін 35-беттегі "Пернетақтадағы әріптер мен сандар" қараңыз.



- 1 түймесін екі рет басу арқылы бос орын енгізуге болады.
- Соңғы санды немесе таңбаны жою үшін сол/оң немесе жоғары/төмен көрсеткі түймесін басыңыз.

## Пернетақтадағы әріптер мен сандар



- Құрылғыңыздың параметрлеріне немесе моделіне байланысты арнайы таңба жиындары басқа болуы мүмкін.
- Орындап жатқан тапсырмаға байланысты келесі кілт мәндерінің кейбіреулері көрсетілмеуі мүмкін.

	Тағайындалған сандар, әріптер және таңбалар
1	@ / . ' 1
2	Перне
3	D E F d e f 3
4	G H I g h i 4
5	J K L j k l 5
6	M N O m n o 6
7	P Q R S p q r s 7
8	T U V t u v 8
9	W X Y Z w x y z 9
0	& + - , 0
*	* % ^ _ ~ ! # \$ ( ) [ ] (Бұл таңбалар желі аутентификациясы үшін енгізгенде қол жетімді.)
#	# =   ? " : { } < > ; (Бұл таңбалар желі аутентификациясы үшін енгізгенде қол жетімді.)

## Биіктікті реттеу

Басып шығару сапасына атмосфералық қысым әсер етеді. Оны машинаның теңіз деңгейінен биіктігі анықтайды. Төмендегі ақпарат ең жақсы басып шығару сапасы үшін машинаны теңшеу әдісін көрсетеді.

Биіктік мәнін орнату алдында орналасу орныңыздың теңіз деңгейінен биіктігін анықтаңыз.

- **Стандартное:** 0 ~ 1 000 м (3 280 фут)
- **Высокое 1:** 1 000 м (3 280 фут) ~ 2 000 м (6 561 фут)
- **Высокое 2:** 2 000 м (6 561 фут) ~ 3 000 м (9 842 фут)
- **Высокое 3:** 3 000 м (9 842 фут) ~ 4 000 м (13 123 фут)
- **Высокое 4:** 4 000 м (13 123 фут) ~ 5 000 м (16 404 фут)



- Құрылғы желіге қосылған болса, құрылғы параметрін **HP Embedded Web Server > Настройки** қойындысы > **Параметры устройства** (63-беттегі "HP Embedded Web Server бағдарламасын пайдалану" бөлімін қараңыз) арқылы орнатуға болады.
  - Сондай-ақ, теңіз деңгейінен биіктік мәнін құрылғы дисплейінің **Настр. сист.** параметрінде орнатуға болады (34-беттегі "Құрылғының негізгі параметрлері" бөлімін қараңыз).
-



---

# Баспа құралы және науа

Бұл тарауда құрылғыға баспа құралын салу әдісі туралы ақпарат беріледі.

## Баспа құралын таңдау

Қағаз, конверттер, жапсырмалар немесе слайдтар сияқты әр түрлі баспа құралдарын басып шығаруыңызға болады. Құрылғымен бірге пайдалану үшін әрдайым нұсқаулыққа сай келетін баспа құралдарын пайдаланыңыз.

## Баспа материалдарын таңдауға арналған нұсқаулық

Пайдаланушы нұсқаулығындағы нұсқауларға сәйкес келмейтін баспа құралдар мына ақауларға алып келеді:

- Баспа сапасының нашар болуы
- Парақтың көп кептелуі
- Құрылғының мерзімінен бұрын істен шығуы.

Салмақ, құрамы, бұдырлығы және ылғалдылық сияқты факторлар құрылғының жұмысына және басып шығарылатын беттің сапасына әсер етеді. Баспа материалдарын таңдаған кезде мыналарды ескеріңіз:

- Құрылғыға салынатын баспа материалдарының түрі, өлшемі және салмағы баспа материалдарының техникалық сипаттамасында берілген (187-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).
- Ойдағыдай шығу: Таңдайтын баспа материалы жобаңызға сәйкес болады.
- Жарықтық: Кейбір баспа материалдары басқаларға қарағанда ақшылдау және анық, шынайы суреттер шығарады.
- Бет тегістігі: Баспа құралының тегістігі қағаздағы бұдырлықтың көруіне әсер етеді.



- Кейбір баспа құралдары осы пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес келеді, бірақ ойдағыдай нәтиже бермейді. Бұл қағаз сипаттарының, дұрыс пайдаланбаудың, қолайсыз температураның немесе ылғалдылық деңгейлерінің нәтижесінен болуы мүмкін.
  - Көп көлемдегі баспа құралдарын сатып алмастан бұрын, оның пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген шығыс талаптарға сәйкес келетінін тексеріңіз.
-



- Осы сипаттамаларға сәйкес келмейтін баспа құралдарын пайдалану ақаулар тудыруы не жөндеуді қажет етуі мүмкін. Мұндай жөндеу жұмыстары HP кепілдігі немесе қызмет көрсету келісімдерінде қамтылмаған.
- Науаға салынатын қағаз көлемі пайдаланылатын баспа құралының түріне байланысты әртүрлі болады (187-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).
- Сиялы фотоқағазды осы құрылғымен пайдаланбаңыз. Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Өртенгіш баспа құралын пайдалану өрт тудыруы мүмкін.
- Белгіленген баспа құралын пайдаланыңыз (187-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).




Принтерде қалып қойған өртенгіш баспа құралы мен басқа заттарды пайдалану, құрылғының қызып кетуіне әкеледі және өртену сирек кездеседі.

Науаға салынатын қағаз көлемі пайдаланылатын баспа құралының түріне байланысты әртүрлі болады (187-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).

## Науаны шолу

Өлшемді өзгерту үшін қағаз реттейтін тетікті реттеуіңіз керек.



1. Парақ енін реттеуіш
2. Науа



Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).




Бағыттауышты лайықтамасаңыз, қағаз тұрып қалуы, сурет қисаюы немесе қағаз кептелуі мүмкін.

## Науаға қағаз салу



Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).


- 1 Науаны ашыңыз. Содан кейін науа өлшемін салып жатқан баспа материалының өлшеміне реттеңіз (39-беттегі "Науаны шолу" бөлімін қараңыз).



- 2 Қағазды салмастан бұрын оларды бір-бірінен ажырату үшін қағаз бумасын кішкене майыстырыңыз.



- 3 Қағазды басып шығарылатын жағын жоғары қаратып салыңыз.






- Бағыттауышты лайықтамасаңыз, қағаз тұрып қалуы, сурет қисаюы немесе қағаз кептелуі мүмкін.
- Баспа құралының майысуын болдырмау үшін қағаз ені реттеуішін тым алыс итермеңіз.
- Қағаз ені бағыттауышын лайықтамасаңыз, қағаз кептелулері болуы мүмкін.



- Басындағы жиегінде оралу бар қағазды пайдаланбаңыз, ол қағаз кептелуін тудыруы мүмкін немесе қағаз бүгілуі мүмкін.



- 
- 4 Қағаз енін реттейтін тетікті қысып, оны қағаз бумасының шетіне дейін майыстырмай сырғытыңыз.



- 5 Құжатты басып шығарғанда, науа үшін қағаз түрі мен өлшемін орнатыңыз (45-беттегі "Қағаз өлшемі мен түрін орнату" бөлімін қараңыз).

## Арнайы баспа құралын басып шығару

Төмендегі кестеде науада пайдалануға болатын ерекше баспа материал көрсетілген.

Құрылғыда орнатылған қағаз параметрін өзгерту үшін **Басып шығару теңшелімдері** терезесі > **Бумаға қойындысы** > **Тип** ішінен қағаз түрін орнатыңыз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).



- Арнайы баспа құралды пайдаланғанда, бір уақытта бір қағазды беру ұсынылады (187-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).
- Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).

Әр парақтың қағаз өлшемін көру үшін 187-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз.


Түрлері	Науа
Низко	•
Қалың 90-120 г	•
Жұқа 60-69 г	•
Жоғары сапалы	•
Түс	•
Аса қалың	•
Жапсырмалар	•
Конверт	•
Алдын ала басып шығарылған	•
Қайталама шикізаттан жасалған	•

(•: қолдалады)

## Конверт


Хатқалталарда сәтті басып шығару хатқалталардың сапасына байланысты.

Хатқалтаны басып шығару үшін оны төмнедегі суретте көрсетілгендей қойыңыз.



- Конверттерді таңдағанда мына факторларды ескеріңіз:
  - **Салмағы:** 90 г/м<sup>2</sup> аспауы керек, әйтпесе, кептелістер орын алуы мүмкін.
  - **Құрылымы:** тегіс, оралуы 6 мм-ден аз болуы және ауа болмауы керек.
  - **Күйі:** бүгілген, кесілген немесе зақымдалған болмауы керек.
  - **Температура:** жұмыс істеген кезінде машинаның ыстығына және қысымына шыдауы керек.
- Тек жақсы жасалған, өткір және жақсы бүгілген хатқалталарды пайдаланыңыз.


- Мөр басылған конверттерді пайдаланбаңыз.
- Қыстырмалары, тесіктері, қаптамалары, жапсырмалары немесе басқа синтетикалық материалдары бар конверттерді пайдаланбаңыз.
- Бүлінген немесе нашар жасалған конверттерді пайдаланбаңыз.
- Конверттің екі жағындағы тігістің бұрыштарына дейін жеткенін тексеріңіз.



- Алынатын жабысқақ таспасы бар немесе бірнеше жабысатын бөлігі бар хатқалталарда машинаның термофиксация температурасына, шамамен 170°C (338 °F) 0,1 секунд шыдайтын желімді пайдалану керек. Артық қыстырмалар қыртысталуға, кептелуге немесе термофиксатордың зақымдалуына себеп болуы мүмкін.
- Ең жақсы басып шығару сапасын алу үшін шеттерді хатқалтаның жиектеріне 15 мм-ден жақындатпай орнатыңыз.
- Конверттердің тігістері сәйкес келетін жерлерінің басып шығарылуына жол бермеңіз.


## Жапсырмалар

Машинаны зақымдауды болдырмау үшін тек лазерлік принтерлерде пайдалануға арналған белгілерді пайдаланыңыз.



- Жапсырмаларды таңдағанда мына факторларды ескеріңіз:
  - **Жабысқыш материалдар:** Құрылғының шамамен алынған 170°C (338°F) термофиксация температурасында тұрақты болуы керек.
  - **Орналасуы:** Арасында қалмаған жапсырмаларды ғана пайдаланыңыз. Жапсырмалар арасында бос орындары болатын парақтарды алуы мүмкін, ол кептелуге әкеліп соғады.
  - **Майысу:** Кез келген бағытта 13 мм-ден аспайтын оралумен тегіс жатуы керек.
  - **Күйі:** Қыртыстары, ауасы бар немесе ажыраудың басқа белгілері бар жапсырмаларды пайдаланбаңыз.
- Жапсырмалардың арасында жабысқыш материалдардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Желім тиген жерлердің әсерінен басып шығару кезінде жапсырмалар алынып қалады және соның салдарынан парақ кептеледі. Желімнің жағылуы құрылғы бөлшектерінің зақымдалуына алып келеді.
- Жапсырмаларды құрылғыдан бірнеше рет өткізбеңіз. Жабысқыш қабат құрылғыдан бір рет қана өту үшін жасалған.
- Жабысқыш қабаттан ажырап тұрған немесе қыртысталған, ауа кірген немесе бүлінген жапсырмаларды пайдаланбаңыз.


## Карта бумасы/Өлшемі белгіленетін қағаз



- Бағдарламалық құралда бет шеттерін материалдың жиектерінен кем дегенде 6,4 мм (0,25 дюйм) қашықтыққа қойыңыз.

## Алдын ала басып шығарылған қағаз

Алдын ала басып шығарылған қағазды салғанда, басып шығарылатын жағы жоғарыға қарауы, майыспаған жиегі алдында болуы керек. Қағазды беру мәселелері болса, қағазды айналдырыңыз. Басып шығару сапасына кепілдік берілмейтінін ескеріңіз.



- Машинаның термофиксация температурасына 0.1 секундқа (шамамен 170°C (338°F)) түскенде ерімейтін, буланбайтын немесе қауіпті заттарды шығармайтын қыздыруға төзімді сиямен басып шығарылуы керек.
- Қайта басып шығарылатын қағаз сиясы өртенбейтін және құрылғының роликтеріне кері әсер етпеуі керек.
- Алдын ала басып шығарылған қағазды салу алдында қағаздағы сияның құрғақ екенін тексеріңіз. Еріту кезінде ылғал сия баспаның сапасын нашарлатып алдын ала басып шығарылған қағаздан ажырауы мүмкін.



## Қағаз өлшемі мен түрін орнату


Қағаз науасына қағазды салғаннан кейін басқару тақтасының түймелерін пайдаланып, қағаз өлшемін және түрін орнатыңыз.

Құрылғыда орнатылған қағаз параметрін өзгерту үшін **Басып шығару теңшелімдері** терезесі > **Бумага** қойындысы > **Тип** ішінен қағаз түрін орнатыңыз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).



Кейбір модельдерде төменірек деңгейдегі мәзірлерге өту үшін **OK** түймесін басу қажет болуы мүмкін.

---

- 1 Басқару тақтасында **••• (Меню)** түймесін басыңыз.
  - 2 **Настр. сист.** > **Настр. бумаги** > **Размер бумаги** немесе **Тип бумаги** тармағына өтіңіз.
  - 3 Науаны және қажет параметрді таңдаңыз.
  - 4 Таңдалған параметрді сақтау үшін **OK** түймесін басыңыз.
  - 5 Дайын режиміне оралу үшін  **(Отмена)** түймесін басыңыз.
- 



Төлем құжаты сияқты арнайы өлшемді қағазды пайдалану керек болса, **Бумага** қойындысы > **Размер** > **Правка...** тармағын таңдап, **Параметры нестандартного размера бумаги** ішінде **Басып шығару теңшелімдері** орнатыңыз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).

---

## Шығыс тірегін қолдану


---



Бір уақытта беттердің көп мөлшерін басып шығарсаңыз, шығу науасының беті ысуы мүмкін. Науаның бетін ұстамауды және оған балаларды жақын жібермеуді қадағалаңыз.

---

Басып шығарылған беттер шығу тірегінде жайылады және шығу тірегі басып шығарылған беттердің сәйкестенуіне көмектеседі. Принтер шығатын қағаздарды әдепкі бойынша шығыс науасына жібереді.



Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).

---

## Түпнұсқаларды дайындау

- 76 x 149 мм-ден (3 x 5,85 дюйм) кіші немесе 216 x 356 мм-ден (8,5 x 14 дюйм) үлкен қағазды салмаңыз.
- Қағаздың кептеліп қалуына, баспа сапасының төмен болуына және құрылғының зақымдалуына жол бермеу үшін төмендегі қағаз түрлерін салмаңыз.
  - Көшіргіш қағаз немесе көшірме жасайтын қағаз
  - Борлы қағаз
  - Жұқа жылтыр қағаз немесе жұқа қағаз
  - Қыртыстары бар немесе мыжылған қағаз
  - Иілген немесе оралған қағаз
  - Жыртылған қағаз
- Салмас бұрын, барлық қапсырмалар мен қыстырғыштарды алып тастаңыз.
- Салмастан бұрын, желім, сия немесе түзеткіш сұйықтық толығымен кепкеніне көз жеткізіңіз.
- Өлшемі немесе салмағы әртүрлі қағазды қамтитын түпнұсқалы құжаттарды салмаңыз.
- Кітапшаларды, үндеухаттарды, слайдтарды немесе сипаттары әдеттен тыс құжаттарды салмаңыз.

## Түпнұсқаларды салу

Түпнұсқаны көшіру, сканерлеу және факс арқылы жіберу үшін оны сканер шынысына немесе автоматты құжат бергішке салуға болады.




Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).

---


## Сканер шынысында

Сканер шынысын пайдаланып, түпнұсқаларды көшіруіңізге немесе сканерлеуіңізге болады. Әсіресе түрлі-түсті немесе сұр шкала суреттердің сканерлеуінің жақсы сапасын көре аласыз. Құжат бергіште түпнұсқалар жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Құжат бергіште түпнұсқа анықталса, құрылғы оны сканер шынысындағы құжаттан бұрын өңдейді.

- 1 Сканер қақпағын көтеріп ашыңыз.



- 2 Түпнұсқаны төмен қаратып сканер шынысына қойыңыз. Оны шынының жоғарғы жағындағы тіркеу бағыттаушымен туралаңыз.



- 3 Сканер қақпағын жабыңыз.



- Көшіру кезінде сканердің қақпағын ашық қалдырсаңыз, ол көшіру сапасына және тонердің жұмсалуына әсер етеді.
- Сканер шынысындағы шаң басып шығарылатын парақтың бетіне қара дақтардың түсуіне себеп болады. Оны әрқашан таза ұстаңыз (145-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз).
- Егер кітаптың немесе журналдың бетін көшіргіңіз келсе, сканердің қақпағының топсалары шектегішке жеткенге дейін көтеріңіз, содан кейін қақпақты жабыңыз. Егер кітап немесе журнал 30 мм-ден қалың болса, сканердің қақпағын ашып қойып көшіріңіз.



- Сканердің шынысын сындырып алмаңыз. Кесіп кетуі мүмкін.
- Сканердің қақпағын жапқанда қолыңызды салмаңыз. Сканердің қақпағы түсіп кетіп қолыңызды ауыртуы мүмкін.
- Көшіру немесе сканерлеу кезінде сканердің ішіндегі жарыққа қарамаңыз. Бұл көзге зиян.


## Құжат бергіште

Құжат бергіштің көмегімен бір тапсырмада 40 парақ (80 г/м<sup>2</sup>, 20 фунт жоғары сапалы қағаз) салуға болады.


- 1 Түпнұсқаларды салмастан бұрын, қағаз бумасының жиегін майыстырып немесе үрлеп, беттерді бір-бірінен айырыңыз.



- 2 Түпнұсқаны құжат бергішке бетін төмен қаратып салыңыз. Түпнұсқалар бумасының түбі құжат енгізу науасында белгіленген қағаз өлшеміне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.



3 Құжат бергіштің ен бағыттауыштарын қағаз өлшеміне баптаңыз.



Сканер шынысында шаң болса, ол басылымда қара сызықтардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Шыныны әрдайым таза ұстаңыз (145-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз).

---

# Желіге қосылған құрылғыны пайдалану

Бұл тарауда желіге қосылған машинаны және бағдарламаны теңшеудің қадамдық нұсқаулары берілген.



Қолдау көрсетілетін қосымша құрылғылар мен мүмкіндіктер модельге сай әр түрлі болуы мүмкін (8-беттегі "Үлгілер бойынша функциялар" бөлімін қараңыз).

- Сымды желіні орнату 52
- Желі арқылы драйверді орнату 54
- Сымсыз желіні орнату 55
- HP Embedded Web Server бағдарламасын пайдалану 63
- HP Smart бағдарламасы 66

---

# Сымды желіні орнату

## Желі конфигурациясы есебін басып шығару

Машинаның басқару тақтасынан машинаның ағымдағы желілік параметрлерін көрсететін **желі теңшелімі туралы есепті** басып шығара аласыз. Бұл желіні орнатуға көмектеседі.

Басқару тақтасында **••• (Меню)** түймесін басып, **Сеть > Конфигур. сети** пәрменін таңдаңыз.

Осы **желі теңшелімі туралы есепті** пайдаланып, машинаның MAC мекенжайын және IP мекенжайын таба аласыз.

Мысалы:

- MAC мекенжай: 00:15:99:41:A2:78
- IP мекенжай: 169.254.192.192

## IP мекенжайды орнату

Алдымен желілік басып шығару мен басқару үшін IP мекенжайын орнатуыңыз керек. Көп жағдайда жаңа IP мекенжайы желідегі DHCP (Динамикалық хост конфигурация протоколы) серверіне автоматты түрде тағайындалады.



Принтер драйверін орнату кезінде IPv4 және IPv6 екеуін де баптаудың қажеті жоқ. Не IPv4 не IPv6 протоколын теңшеу ұсынылады (54-беттегі "Желі арқылы драйверді орнату" қараңыз).

---

## IPv4 конфигурациясы



Сондай-ақ, **Ендірілген веб-серверден** TCP/IPv4 орнатуға болады. **Embedded Web Server** терезесі ашылған кезде тінтуір курсорын жоғарғы мәзір жолағындағы **Настройки** үстіне апарып, **Параметры сети** (64-беттегі "Настройки қойындысы") түймесін басыңыз.

---

Егер желіңізде DHCPv4 сервері бар болса, әдепкі динамикалық хост конфигурациясы үшін төмендегі опцияларды орнатуға болады.

- 1 Басқару панелінен **••• (Меню) > Сеть > TCP/IP (IPv4) > DHCP** тармағын таңдаңыз.
- 2 Қажет мәнді таңдау үшін **OK** түймесін басыңыз.



## IPv6 конфигурациясы

---



Сондай-ақ, **HP Embedded Web Server** ішінен TCP/IPv6 орнатуға болады. **HP Embedded Web Server** терезесі ашылған кезде тінтуір курсорын жоғарғы мәзір жолағындағы **Настройки** үстіне апарып, **Параметры сети** (64-беттегі "Настройки қойындысы") түймесін басыңыз.

---

IPv6 протоколына тек Windows Vista немесе одан жоғары жүйелер қолдау көрсетеді.

Машина желіде басып шығару және басқару үшін келесі IPv6 мекенжайларын қолдайды.

- **Link-local Address:** Өзі конфигурацияланатын жергілікті IPv6 мекенжайы (Мекенжай FE80 деп басталады).
- **Stateless Address:** Желі маршрутизаторы арқылы автоматты түрде конфигурацияланған IPv6 мекенжайы.
- **Stateful Address:** DHCPv6 сервері арқылы конфигурацияланған IPv6 мекенжайы.
- **Manual Address:** Пайдаланушы арқылы конфигурацияланатын IPv6 мекенжайы.

IPv6 желісінде IPv6 мекенжайын пайдалану үшін мына процедураны орындаңыз.

### IPv6 мүмкіндігін іске қосу

- 1 Басқару тақтасындағы **...** (**Меню**) түймешікті басыңыз.
- 2 **Сеть > TCP/IP (IPv6) > Протокол IPv6** тармағын таңдаңыз
- 3 **Вкл.** пәрменін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.
- 4 Құрылғыны өшіріп, қайта қосыңыз.

### DHCPv6 мекенжайын теңшеу

Желіде DHCPv6 сервер болса, әдепкі динамикалық түйін теңшелімі үшін келесі параметрлердің біреуін орната аласыз.

- 1 Басқару тақтасындағы **...** (**Меню**) түймешікті басыңыз.
- 2 **Сеть > TCP/IP (IPv6) > Конфиг. DHCPv6** тармағына өтіңіз
- 3 Қажет мәнді таңдау үшін **ОК** түймесін басыңыз.

---

# Желі арқылы драйверді орнату

---



- Орнату алдында компьютердің операциялық жүйесі бағдарламалық жасақтаманы қолдайтынын тексеріңіз (8-беттегі "Операциялық жүйе" бөлімін қараңыз).
  - Желілік интерфейсті қолдамайтын құрылғыда бұл мүмкіндікті пайдалану мүмкін болмайды (21-беттегі "Артқы көрінісі" бөлімін қараңыз).
  - Принтердің бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін, HP веб-сайтынан бағдарламалық жасақтама бумаларын жүктеп алуыңыз керек. HP бойынша принтерге арналған толық анықтаманы алу үшін [www.hp.com/support/laser130MFP](http://www.hp.com/support/laser130MFP) веб-сайтына өтіңіз.
- 

## Windows

---



Брандмауэр бағдарламалық жасақтамасы желі байланысын бұғаттауы мүмкін. Құрылғыны желіге жалғаудың алдында, компьютердің брандмауэрін өшіріңіз.

---

- 1 Құрылғының желіге қосылғанын және қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз. Сонымен бірге, машинаның IP мекенжайын орнату керек (52-беттегі "IP мекенжайды орнату" бөлімін қараңыз).
- 2 Принтер драйверінің бағдарламалық жасақтамасын HP веб-сайтынан ([www.hp.com/support/laser130MFP](http://www.hp.com/support/laser130MFP)) жүктеп алыңыз.
- 3 Құрылғыны өшіріңіз.
- 4 Драйверді бумадан шығарып, драйверді орнату бағдарламасын іске қосыңыз.
- 5 Орнату терезесіндегі нұсқауларды орындаңыз.

# Сымсыз желіні орнату



Модельге байланысты сымсыз желі қол жетімді емес болуы мүмкін (8-беттегі "Үлгілер бойынша функциялар" бөлімін қараңыз).

Сымсыз желілер жоғарырақ қауіпсіздікті қажет етеді, сондықтан қатынас орнын бірінші рет орнатқанда желі үшін желі атауы (SSID), пайдаланылатын қауіпсіздік түрі және желі құпия сөзі жасалады. Машинаны орнатуды орындаудың алдында желі әкімшісінен осы ақпарат туралы сұраңыз.

## Сымсыз желі орнату әдістерімен таныстыру

Сымсыз желі параметрлерін құрылғыдан немесе компьютерден орнатуға болады. Төмендегі кестеден реттеу әдісін таңдаңыз.



- Модельге немесе елге байланысты кейбір сымсыз желіні орнату түрлері қол жетімді болмауы мүмкін.
- Қатынас нүктелеріне құпия сөз орнату табанды түрде ұсынылады. Егер Қатынас нүктелеріне құпия сөз орнатпасаңыз олар компьютерлер, смартфондар және принтерлерді қосқандағы белгісіз құралдардан заңсыз қатынасуға ұшырауы мүмкін. Құпия сөз параметрлерін Қатынас нүктесі пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Орнату әдісі	Қосылу әдісі	Сипаттама және анықтама
Қатынас нүктесімен	Компьютерден	Window жүйесі үшін 57-беттегі "USB кабелі арқылы орнату" бөлімін қараңыз.
		Window жүйесі үшін 58-беттегі "USB кабелінсіз қатынас нүктесі" бөлімін қараңыз.
		59-беттегі "Желілік кабельді пайдалану" қараңыз.
	Машинаның басқару тақтасында	56-беттегі "WPS параметрлерін пайдалану" қараңыз.
		57-беттегі "Сети Wi-Fi функциясын пайдалану" қараңыз.
HP Smart бағдарламасынан	66-беттегі "HP Smart бағдарламасы арқылы қосылу" бөлімін қараңыз.	
Wi-Fi Direct орнату	61-беттегі "Wi-Fi Direct протоколын ұшқыр басып шығару үшін реттеу" қараңыз.	

## Сымсыз желі параметрлерін қалпына келтіру

Сымсыз желі параметрлері үшін әдепкі мәндерді қайтаруға болады.

Басқару панеліндегі **••• (Меню)** түймесін > **Сеть** > **Wi-Fi** > **Wi-Fi по умол.** > **Восстановить...** пәрменін басыңыз. Құрылғы әдепкі сымсыз желі параметрлерін қалпына келтіре бастайды.

## WPS параметрлерін пайдалану

Құрылғы немесе қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) Wi-Fi Protected Setup™(WPS) шифрлауын қолдаса, онда сымсыз желі параметрлерін **WPS** мәзірі арқылы компьютер көмегінсіз оңай теңшеуге болады.

Дайындау керек элементтер:

- Қатынас орнының (немесе сымсыз маршрутизатордың) Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) шифрлауды қолдайтынын тексеріңіз.
- Құрылғы Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) шифрлауын қолдайтынын тексеріңіз.

**1** Басқару панеліндегі **••• (Меню)** түймесін > **Сеть** > **Wi-Fi** > **WPS** > **PBC** пәрменін басыңыз. Құрылғы сымсыз желіге қосылуды бастайды.

**2 2 минут ішінде** қатынасу орнындағы (немесе сымсыз маршрутизатордағы) **WPS (PBC)** түймесін басыңыз.

a. Құрылғы қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылуда.

b. Құрылғы сымсыз желіге сәтті қосылғанда, жарық диодының шамы қосулы күйде болады.

**3** Бағдарламалық жасақтама орнатуды жалғастыра беріңіз.

## Сети Wi-Fi функциясын пайдалану

Бастау алдында сымсыз желінің желі атауын (SSID) және шифрланған болса желі кілтін білуіңіз керек. Бұл ақпарат қатынас орнын (немесе сымсыз маршрутизаторды) орнатқанда орнатылған. Сымсыз ортаны білмесеңіз, желіні орнатқан адамнан сұраңыз.

1 Басқару тақтасында **••• (Меню) > Сеть > Wi-Fi > Парам. Wi-Fi** тармағын таңдаңыз.

Немесе **(⌘) (Беспроводн.)** түймесін басып, **Wi-Fi** мәзіріне кіріңіз.

2 Қажет орнату әдісін таңдау үшін **OK** түймесін басыңыз.

- **Мастер (ұсынылады):** Бұл режимде орнату автоматты орындалады. Құрылғы таңдауға болатын қол жетімді желілердің тізімін көрсетеді. Желіні таңдағаннан кейін, принтер сәйкес қауіпсіздік кілтін сұрайды.
- **Нестандартный:** Бұл режимде пайдаланушылар өздерінің жеке SSID бере не қолмен өзгерте алады немесе қауіпсіздік опциясын таңдай алады.

3 Сымсыз желіні орнату үшін терезедегі нұсқауларды орындаңыз.

## Windows жүйесін пайдаланып орнату

### USB кабелі арқылы орнату

#### Дайындау керек элементтер

- Қатынас нүктесі
- Желіге қосылған компьютер
- Принтердің бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін, HP веб-сайтынан бағдарламалық жасақтама бумаларын жүктеп алуыңыз керек. HP бойынша принтерге арналған толық анықтаманы алу үшін [www.hp.com/support/laser130MFP](http://www.hp.com/support/laser130MFP) веб-сайтына өтіңіз.
- Сымсыз желі интерфейсі арқылы орнатылатын машина
- USB кабелі

1 Құрылғыға USB кабелінің қосылғанын тексеріңіз.

2 Компьютерді, қатынас орнын және құрылғыны қосыңыз.

3 Принтер драйверінің бағдарламалық жасақтамасын HP веб-сайтынан ([www.hp.com/support/laser130MFP](http://www.hp.com/support/laser130MFP)) жүктеп алыңыз.

4 Драйверді бумадан шығарып, драйверді орнату бағдарламасын іске қосыңыз.

5 Орнату терезесіндегі орнату келісім-шарттарын қараңыз және қабылдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.

- 6 **Printer Connection Type** экранындағы **Wireless** опциясын таңдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
- 7 **Это первая установка принтера?** экранында, **Да, я настрою беспроводную сеть принтера.** таңдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.  
Егер принтеріңіз әлдеқашан желіге қосылған болса, **Нет, мой принтер уже подключен к сети.** таңдаңыз.
- 8 **Выбор способа настройки беспроводного подключения** экранында **Использование кабеля USB** таңдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
- 9 Іздеуден кейін терезе сымсыз желі құрылғыларын көрсетеді. Пайдаланғыңыз келген ену нүктесінің атауын (SSID) таңдап, **Далее** түймесін басыңыз.
- 10 Сымсыз желіні теңшеу аяқталғанда, компьютер мен құрылғы арасындағы USB кабелін ажыратыңыз. **Далее** түймесін басыңыз.
- 11 Орнатылатын құрамдастарды таңдаңыз.
- 12 Орнату терезесіндегі нұсқауларды орындаңыз.

## USB кабелінсіз қатынас нүктесі

### Дайындау керек элементтер

- Windows 7 не одан кейінгі нұсқада жұмыс істейтін Wi-Fi арқылы қосылған ДК және қатынас нүктесі (маршрутизатор)
- Принтердің бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін, HP веб-сайтынан бағдарламалық жасақтама бумаларын жүктеп алуыңыз керек. HP бойынша принтерге арналған толық анықтаманы алу үшін [www.hp.com/support/laser130MFP](http://www.hp.com/support/laser130MFP) веб-сайтына өтіңіз.
- Сымсыз желі интерфейсі арқылы орнатылатын машина



Сымсыз желі орнатылып жатқан кезде, құрылғы дербес компьютердің сымсыз жергілікті желісін қолданады. Интернетке қосылу мүмкін емес болуы ықтимал.

---

- 1 Компьютерді, қатынас орнын және құрылғыны қосыңыз.
- 2 Принтер драйверінің бағдарламалық жасақтамасын HP веб-сайтынан ([www.hp.com/support/laser130MFP](http://www.hp.com/support/laser130MFP)) жүктеп алыңыз.
- 3 Драйверді бумадан шығарып, драйверді орнату бағдарламасын іске қосыңыз.

- 4 Орнату терезесіндегі орнату келісім-шарттарын қараңыз және қабылдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
- 5 **Printer Connection Type** экранындағы **Wireless** опциясын таңдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
- 6 **Вы настраиваете принтер в первый раз?** экранында, **Да, я буду настраивать беспроводную сеть на моем принтере.** таңдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз. Егер принтеріңіз әлдеқашан желіге қосылған болса, **Нет, мой принтер уже подключен к сети** таңдаңыз.
- 7 **Выбор способа настройки беспроводного подключения** экранында **Использование прямого беспроводного соединения** таңдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
- 8 Сымсыз желіні орнату аяқталған кезде **Далее** басыңыз.
- 9 Орнату терезесіндегі нұсқауларды орындаңыз.

## Желілік кабельді пайдалану

---



Желі теңшелімі туралы ақпарат алу үшін желілік әкімшіге немесе сымсыз желіні орнатқан адамға жолығыңыз.

---

Бұл құрылғы желімен сыйысымды құрылғы болып табылады. Машинаға желіде жұмыс істеуге мүмкіндік беру үшін біраз теңшеу іс рәсімдерін орындау керек.

### Дайындау керек элементтер

- Қатынас нүктесі
- Желіге қосылған компьютер
- Принтердің бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін, HP веб-сайтынан бағдарламалық жасақтама бумаларын жүктеп алуыңыз керек. HP бойынша принтерге арналған толық анықтаманы алу үшін [www.hp.com/support/laser130MFP](http://www.hp.com/support/laser130MFP) веб-сайтына өтіңіз.
- Сымсыз желі интерфейсі арқылы орнатылатын машина
- Желі кабелі

### Желі конфигурациясы есебін басып шығару

Құрылғының желілік параметрлерін желі теңшелімі туралы есепті басып шығару арқылы анықтауға болады.

52-беттегі "Желі конфигурациясы есебін басып шығару" қараңыз.

## Құрылғының сымсыз желісін теңшеу

Бастау алдында сымсыз желінің желі атауын (SSID) және ол шифрланған болса, желі кілтін білу керек. Бұл ақпарат қатынас орнын (немесе сымсыз маршрутизаторды) орнатқанда орнатылған. Сымсыз ортаны білмесеңіз, желіні орнатқан адамнан сұраңыз.

Сымсыз желілерді теңшеу үшін, **HP Embedded Web Server** бағдарламасын пайдаланыңыз.

## HP Embedded Web Server бағдарламасын пайдалану

Сымсыз желі параметрлерін теңшеуді бастау алдында кабель қосылымының күйін тексеріңіз.

1 Желілік кабель құрылғыға қосылған-қосылмағандығын тексеріңіз. Қосылмаған болса, құрылғыны стандартты желілік кабельмен қосыңыз.

2 Internet Explorer, Safari немесе Firefox сияқты веб-шолғышты іске қосыңыз және шолғыш терезесіне құрылғының жаңа IP мекенжайын енгізіңіз.

Мысалы,



3 **HP Embedded Web Server** веб-сайтының жоғарғы оң жағындағы HP Embedded Web Server түймесін басыңыз.

4 **HP Embedded Web Server** жүйесіне алғаш рет кірсеңіз, әкімші ретінде кіру керек. Әдепкі **ИД (admin)** өрісін толтырыңыз. Әдепкі құпия сөз жоқ. Қауіпсіздік мақсаттары үшін әдепкі құпиясөзді орнату ұсынылады. Ид. мен құпия сөзді **Қауіпсіздік > Безопасность системы > Жүйе әкімшісі** тармағынан өзгертуге болады.

5 **HP Embedded Web Server** терезесі ашылғанда **Параметры сети** түймесін басыңыз.

6 **Wi-Fi > Мастер** басыңыз.

7 Тізімде бір **Сетевое имя (SSID)** таңдаңыз.

8 **Далее** түймесін басыңыз.

Егер сымсыз қауіпсіздік параметрлері терезесі шықса, тіркелген құпия сөзді (желілік құпия сөзді) енгізіп, **Далее** түймесін басыңыз.

9 Растау терезесі шығады. Сымсыз желі теңшелімін тексеріңіз. Теңшелім дұрыс болса, **Применить** түймесін басыңыз.



## Wi-Fi Direct протоколын ұшқыр басып шығару үшін реттеу

Wi-Fi Direct дегеніміз Wi-Fi Direct функциясына қосылған принтер және ұялы құрылғы арасындағы қауіпсіз және пайдалануға оңай бір дәрежелі байланыс болып табылады.

Wi-Fi Direct көмегімен қазіргі уақытта қатынас орнына қосулы кезде принтерді Wi-Fi Direct желісіне қоса аласыз. Сонымен қатар, сымды желі мен Wi-Fi Direct желісін бір уақытта пайдалана аласыз, осылайша бірнеше пайдаланушы Wi-Fi Direct желі және сымды желі екеуінен де құжаттарға қатынаса және басып шығара алады.



- Сіз ұшқыр құрылғыңызды принтердің Wi-Fi Direct желісі арқылы интернетке қоса алмайсыз.
- Қолдау көрсетілетін протоколдар тізімі моделіңізден басқаша болуы мүмкін, Wi-Fi Direct желілері IPv6 протоколын, желіні сүзуді, IPSec, WINS және SLP қызметтерін қолдамайды.
- Wi-Fi Direct арқылы ең көбі 4 құрылғы қосыла алады.

---

## Wi-Fi Direct желісін орнату

Wi-Fi Direct мүмкіндігін келесі әдістердің бірімен қосуға болады.

### Машинада

- 1 Басқару тақтасында **...** (**Меню**) түймесін басып, дисплей экранындағы **Сеть** > **Wi-Fi** > **Wi-Fi Direct** пәрменін таңдаңыз.
- 2 **Wi-Fi Direct** басыңыз және **Wi-Fi Direct** қосыңыз.

### Желіге қосылған компьютерден

Сіздің принтеріңіз желі кабелін немесе сымсыз қатынас орнын пайдаланса, HP Embedded Web Server арқылы Wi-Fi Direct функциясын қосуға және теңшеуге болады.

- 1 **HP Embedded Web Server** ішіне кіріңіз және **Настройки** > **Параметры сети** > **Wi-Fi** > **Wi-Fi Direct™** тармағын таңдаңыз.
- 2 **Wi-Fi Direct™** қосыңыз және басқа опцияларды орнатыңыз.

## Ұялы құрылғыны теңшеу

- Wi-Fi Direct желісін принтерден орнатқаннан кейін, Wi-Fi Direct желісін орнату үшін пайдаланып жатқан ұялы құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
  - Wi-Fi Direct желісін орнатқаннан кейін смартфоннан басып шығару үшін ұялы басып шығару бағдарламасын (Мысалы: HP Smart) жүктеу қажет.
- 



- Ұялы құрылғыдан қосылу керек принтерді тапқанда, принтерді таңдаңыз, сонда принтердің көрсеткіш шамы жыпықтайды. Принтердің Wireless түймесін басыңыз, сонда ол ұялы құрылғыға қосылады. Егер Wireless түймесі болмаса, дисплей экранында Wi-Fi байланысын растайтын терезе пайда болған кезде, қажетті опцияны басыңыз, сонда мобильді құрылғыға қосылады.
  - Егер ұялы құрылғы Wi-Fi Direct қолдамаса, Wireless түймесін басудың орнына принтердің «Ключ сети» енгізуіңіз керек.
-

---

# HP Embedded Web Server бағдарламасын пайдалану



- HP Embedded Web Server үшін Internet Explorer 8.0 немесе одан кейінгі нұсқасын пайдалану қажет.
- Төмендегі бағдарламаларды пайдаланудан бұрын IP мекенжайын орнатыңыз.
- Модельге немесе елге байланысты кейбір мүмкіндіктер және қосымшалар қол жетімді болмауы мүмкін (8-беттегі "Үлгілер бойынша функциялар" бөлімін қараңыз).

---

Желі ортасында желілік параметрлерді оңай теңшеу үшін бірнеше бағдарлама бар. Атап айтқанда, желі әкімшісі желіде бірнеше құрылғыларды басқара алады.

## HP Embedded Web Server

Желілік құрылғыға ендірілген веб-сервер келесі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді:

- Шығын материалдары туралы ақпаратты және күйде тексеру.
- Құрылғы параметрлерін бейімдеу.
- Әр түрлі желілік орталарға қосылу үшін құрылғыға қажет желі параметрлерін теңшеу.

## HP Embedded Web Server бағдарламасына кіру

1 Windows жүйесінен Internet Explorer сияқты веб-браузерге кіріңіз.

Мекенжай өрісіне принтердің машина IP мекенжайын (<http://xxx.xxx.xxx.xxx>) енгізіңіз және Enter пернесін басыңыз немесе **Өту** түймесін басыңыз.

2 Құрылғының енгізілген веб-торабы ашылады.

## HP Embedded Web Server жүйесіне кіру

HP Embedded Web Server арқылы опцияларды теңшеу алдында әкімші ретінде жүйеге кіру қажет. HP Embedded Web Server бағдарламасын жүйеге кірмей-ақ пайдалануға болады, бірақ **Параметры** қойындысы мен **Безопасность** қойындысына кіре алмайсыз.

- 1 **HP Embedded Web Server** веб-сайтының жоғарғы оң жағындағы HP Embedded Web Server түймесін басыңыз.
- 2 **HP Embedded Web Server** жүйесіне алғаш рет кірсеңіз, әкімші ретінде кіру керек. Әдепкі **ИД (admin)** өрісін толтырыңыз. Әдепкі құпия сөз жоқ. Қауіпсіздік мақсаттары үшін әдепкі құпиясөзді орнату ұсынылады. Ид. мен құпия сөзді **Қауіпсіздік > Безопасность системы > Жүйе әкімшісі** тармағынан өзгертуге болады.

## HP Embedded Web Server шолу



Үлгіге қарай, кейбір қойындылар көрсетілмеуі мүмкін.

### Информация қойындысы

Бұл қойындыда құрылғы туралы жалпы ақпарат беріледі. Тонердің қалған мөлшері сияқты нәрселерді тексеруіңізге болады. Сондай-ақ, қате туралы есеп сияқты есептерді басып шығара аласыз.

- **Активные предупреждения:** Машинада пайда болған ескертулерді және олардың дәрежесін көрсетеді.
- **Керек-жарақтар:** Қанша беттер басып шығарылғанын және картриджде қалған тонер мөлшерін көрсетеді.
- **Счетчики использования:** Пайдалану санағын басып шығару түрлері бойынша көрсетеді: бір жақты және екі жақты.
- **Текущие параметры:** Машинаның және желінің ақпаратын көрсетеді.
- **Печать информации:** Жүйеге қатысты есептер, электрондық пошта мекенжайы және қаріп есептері сияқты есептерді басып шығарады.
- **Информация о безопасности:** Құрылғының қауіпсіздік ақпаратын көрсетеді

### Настройки қойындысы

Бұл қойынды құрылғыда және желіде ұсынылған конфигурацияларды орнатуға мүмкіндік береді. Бұл қойындыны көру үшін жүйеге әкімші ретінде кіруіңіз қажет.

- **Параметры устройства қойындысы:** Машина қамтамасыз ететін параметрлерді орнатады.
- **Параметры сети қойындысы:** Желі ортасының параметрлерін көрсетеді. TCP/IP және желі протоколдары сияқты параметрлерді орнатады.

## Безопасность қойындысы

Бұл қойынды жүйе және желі қауіпсіздігі ақпаратын орнатуға мүмкіндік береді. Бұл қойындыны көру үшін жүйеге әкімші ретінде кіруіңіз қажет.

- **Безопасность системы:** Жүйелік әкімшінің ақпаратын орнатады, сонымен бірге, машина мүмкіндіктерін қосады немесе ажыратады.
- **Стандарт безопасности Сеть:** IPv4/IPv6 сүзгісі үшін параметрлерді орнатады.

## Обслуживание қойындысы

Бұл қойынды жабдықтың ішке орнатылған бағдарламасын жетілдіру және электрондық хаттар жіберу үшін байланыс ақпаратын орнату арқылы құрылғыға қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, HP веб-торабына қосылуыңызға немесе **Ссылка** мәзірін таңдау арқылы драйверлер жүктеп алуыңызға болады.

- **Обновление ПО:** Машинаның микробағдарламасын жаңартыңыз.
- **Контактная информация:** Байланыс ақпаратын көрсетеді.
- **Ссылка:** Ақпаратты қотаруға немесе тексеруге болатын пайдалы тораптардың сілтемелерін көрсетеді.

## Жүйелік әкімші туралы ақпаратты орнату

Бұл параметр электрондық пошта ескеруі опциясын пайдалану үшін қажет.



Параметрлерге немесе үлгілерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.

---

- 1 Windows жүйесінен Internet Explorer сияқты веб-браузерді іске қосыңыз.  
Мекенжай жолағына құрылғының IP мекенжайын (<http://xxx.xxx.xxx.xxx>) енгізіп, Enter пернесін басыңыз немесе **Өту** түймесін басыңыз.
- 2 Құрылғының енгізілген веб-торабы ашылады.
- 3 **Безопасность** қойындысынан **Безопасность системы** > **Системный администратор** параметрін таңдаңыз
- 4 Әкімшінің атын, телефон нөмірін, орнын және электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз.
- 5 **Применить** түймесін басыңыз.

---

# HP Smart бағдарламасы

HP Smart бағдарламасы HP принтерін орнатуға, сканерлеуге, басып шығаруға, ортақ пайдалануға және басқаруға көмектеседі. Құжаттар мен кескіндерді электрондық пошта, мәтіндік хабарлар және танымал бұлттық қызметтер және әлеуметтік желілер арқылы (iCloud, Google Drive, Dropbox және Facebook сияқты) ортақ пайдалануға болады. Жаңа HP принтерлерін орнатуға, сондай-ақ жабдықтарды басқаруға және оларға тапсырыс беруге болады.



- HP Smart бағдарламасы кейбір тілдерде қолжетімді болмауы мүмкін. Кейбір мүмкіндіктер барлық принтерлер үлгілерінде қолжетімді болмауы мүмкін.
  - Егер HP смарт қолданбасы Windows құрылғыларында қалыпты түрде жұмыс істемесе, принтердің ішкі бағдарламасын жаңартып, әрекетті қайталаңыз.
- 
- **HP Smart бағдарламасын орнату үшін:** Бағдарламаны құрылғыға орнату үшін [123.hp.com](http://123.hp.com) веб-сайтына өтіңіз де, құрылғының бағдарламалар дүкеніне қол жеткізу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
  - **Принтерге қосылу:** Принтердің қосылуы екеніне және құрылғымен бірдей желіге қосылғанына көз жеткізіңіз. Содан соң HP Smart принтерді автоматты түрде анықтайды.
  - **HP Smart бағдарламасы туралы қосымша ақпарат алыңыз:** HP Smart бағдарламасы арқылы басып шығару, сканерлеу және ақаулықтарды жою бойынша негізгі нұсқаулар үшін
    - 67-беттегі "HP Smart бағдарламасы арқылы басып шығару" бөлімін қараңыз.
    - 68-беттегі "HP Smart бағдарламасы арқылы сканерлеу" бөлімін қараңыз.
    - 68-беттегі "HP Smart бағдарламасынан анықтамалық ақпарат алу" бөлімін қараңыз.



HP Smart бағдарламасын басып шығару, сканерлеу, принтер мүмкіндіктеріне кіру және ақаулықтарды жою үшін пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін, келесіге өтіңіз:

- iOS/Android: [www.hp.com/go/hpsmart-help](http://www.hp.com/go/hpsmart-help)

## HP Smart бағдарламасы арқылы қосылу

HP Smart бағдарламасын принтерді сымсыз желіге орнату үшін пайдалануға болады.

- 1 Компьютердің немесе мобильді құрылғының сымсыз желіге қосылғанына және сымсыз желі құпиясөзін білетініңізге көз жеткізіңіз.
- 2 Принтердің автоматты сымсыз қосылым (AWC) орнату режимінде екенін тексеріңіз.  
Егер принтер бірінші рет орнатылып тұрған болса, онда принтер қуат көзіне қосылғаннан кейін орнатуға дайын болады. Ол 2 сағат ішінде қосылу үшін HP Smart бағдарламасын іздейді, содан кейін іздеуді тоқтатады.

Басқару панелін автоматты сымсыз қосылым (AWC) орнату режиміне қою үшін, ((P)) (Беспроводн.) түймесін  (Состояние) және  (Питание) жарық диоды бірге жыпылықтай бастағанша кем дегенде 20 секунд басып тұрыңыз.

- 3 HP Smart бағдарламасын ашып, келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:
  - **iOS/Android:** Бастапқы экранда плюс белгішесін түртіп, принтерді таңдаңыз. Егер принтер тізімде болмаса, **Добавить новый принтер** түймесін түртіңіз. Принтерді желіге қосу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## HP Smart бағдарламасында әдепкі принтер параметрін өзгерту

HP Smart app бағдарламасынан принтер параметрін орнатуға болады.

- 1 HP Smart бағдарламасын ашыңыз.
- 2 Басқа принтерге ауысу немесе жаңа принтер қосу қажет болса, плюс белгішесін түртіңіз.
- 3 **Настройки принтера** түймесін түртіңіз.
- 4 Қажетті параметрді таңдап, содан соң оны өзгертіңіз.

## HP Smart бағдарламасы арқылы басып шығару

### Android немесе iOS құрылғысынан басып шығару үшін

- 1 HP Smart бағдарламасын ашыңыз.
- 2 Басқа принтерге ауысу немесе жаңа принтер қосу қажет болса, плюс белгішесін түртіңіз.
- 3 Басып шығару параметрін түртіңіз.
- 4 Басып шығару қажет фотосуретті немесе құжатты таңдаңыз.
- 5 **Печать** түймесін түртіңіз.

## HP Smart бағдарламасы арқылы сканерлеу

Құрылғы камерасы арқылы құжаттарды немесе фотосуреттерді сканерлеу үшін HP Smart бағдарламасын пайдалануға болады. HP Smart бағдарламасы сканерленген кескінді сақтау немесе ортақ пайдалану алдында реттеуге мүмкіндік беретін өңдеу құралдарын қамтиды. Сканерленген кескіндерді басып шығаруға, жүйе ішінде немесе бұлттық сақтау орнында сақтауға және оларды электрондық пошта, SMS, Facebook, Instagram, т.б. арқылы бөлісуге болады.

### Android немесе iOS құрылғысынан сканерлеу үшін

- 1 HP Smart бағдарламасын ашыңыз.
- 2 Басқа принтерге ауысу немесе жаңа принтер қосу қажет болса, плюс белгішесін түртіңіз.
- 3 Сканерлеу параметрін таңдап, **Камера** түймесін түртіңіз. Кірістірілген камера ашылады. Камераны пайдаланып, фотосуретті немесе құжатты сканерлеңіз.
- 4 Сканерленген құжатты немесе фотосуретті реттеп болған соң, оны сақтаңыз, бөлісіңіз немесе басып шығарыңыз.

### HP Smart бағдарламасынан анықтамалық ақпарат алу

HP Smart бағдарламасы принтер мәселелеріне (кептелістер және басқа да мәселелер) қатысты ескертулерді, анықтама мазмұнының сілтемелерін және қосымша көмек алу үшін қолдау қызметіне хабарласу параметрлерін ұсынады.



---

# Басып шығару

Бұл тарауда жалпы басып шығару опциялары туралы ақпарат берілген. Бұл бөлім көбіне Windows 7 бағдарламасына негізделген.



Принтердің бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін, HP веб-сайтынан бағдарламалық жасақтама бумаларын жүктеп алуыңыз керек. HP бойынша принтерге арналған толық анықтаманы алу үшін [www.hp.com/support/laser130MFP](http://www.hp.com/support/laser130MFP) веб-сайтына өтіңіз.

- Негізгі басып шығару 72
- Басып шығару тапсырмасын болдырмау 73
- Басып шығару теңшелімдерін ашу 74
- Таңдаулы параметрді қолдану 75
- Анықтаманы пайдалану 76
- Басып шығару мүмкіндіктері 77
- Состояние принтера бағдарламасын пайдалану 83

---

# Негізгі басып шығару

---



Басып шығару алдында компьютердің операциялық жүйесі бағдарламалық жасақтаманы қолдайтынын тексеріңіз (8-беттегі "Операциялық жүйе" бөлімін қараңыз).

---

Келесі **Настройка печати** терезесі Windows 7 жүйесіндегі Notepad бағдарламасына арналған. Операциялық жүйеңіз немесе пайдаланып жатқан бағдарламаға байланысты **Настройка печати** терезесі басқа болуы мүмкін.

- 1 Басып шығару керек құжатты ашыңыз.
  - 2 **Файл** мәзірінен **Басып шығару** пәрменін таңдаңыз.
  - 3 **Select Printer** тізімінде құрылғыңызды таңдаңыз.
  - 4 Негізгі басып шығару параметрлері, соның ішінде көшірме саны және басып шығару ауқымы **Басып шығару** терезесінде таңдалады.
- 



Keңейтілген басып шығару мүмкіндіктерінің артықшылығын пайдалану үшін **Сипаттар** түймешігін нұқыңыз немесе **Теңшелімдер** терезесінде **Басып шығару** пәрменін таңдаңыз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).



---

- 5 Басып шығару тапсырмасын бастау үшін **Басып шығару** терезесінде **OK** немесе **Басып шығару** түймешігін басыңыз.

---

# Басып шығару тапсырмасын болдырмау

Басып шығару тапсырмасы басып шығару кезегінде немесе басып шығару кезегінде күтіп тұрса, тапсырманы келесідей болдырмаңыз:





- Бұл терезеге жай Windows тапсырмалар тақтасындағы құрылғы белгішесін (  ) екі рет нұқу арқылы қатынаса аласыз.
- Сондай-ақ, ағымдағы тапсырманы басқару тақтасында  (Отмена) түймесін басып болдырмауға болады.

---

# Басып шығару теңшелімдерін ашу

---



- Пайдаланушы нұсқаулығында шығатын **Басып шығару теңшелімдері** терезесі пайдаланып жатқан машинаға байланысты басқа болуы мүмкін.
  - **Басып шығару теңшелімдері** ішінде параметрді таңдағанда,  немесе  ескерту белгісін көруіңіз мүмкін.  белгісі белгілі параметрді таңдауға болатынын, бірақ бұл ұсынылмайтынын білдіреді, ал  белгісі құрылғының теңшеліміне немесе ортасына байланысты бұл параметрді таңдау мүмкін емес екенін білдіреді.
- 

- 1 Басып шығару керек құжатты ашыңыз.
  - 2 Файл мәзірінде **Басып шығару** пәрменін таңдаңыз. **Басып шығару** терезесі пайда болады.
  - 3 **Select Printer** ішінен құрылғыны таңдаңыз.
  - 4 **Сипаттар** немесе **Теңшелімдер** пәрменін таңдаңыз. Қолжетімді опцияларды теңшеу үшін, басып шығару драйверіндегі қойындыларды басыңыз немесе түртіңіз.
- 



- Windows 10, 8.1 және 8 нұсқаларында осы қолданбаларда жұмыс үстеліндегі қолданбалар үшін төменде сипатталғандардан басқа функциялары бар пішімі өзгеше болады. **Бастау** экранындағы басып шығару функциясына кіру үшін, келесі қадамдарды орындаңыз:
    - **Windows 10: Печать** түймесін басыңыз, содан кейін принтерді таңдаңыз.
    - **Windows 8.1 немесе 8: Устройства, Печать** тармағын, содан кейін принтерді таңдаңыз.
  - Құрылғының ағымдағы күйін **Состояние принтера** түймешігін басып тексеруге болады (83-беттегі "Состояние принтера бағдарламасын пайдалану" бөлімін қараңыз).
-

---

# Таңдаулы параметрді қолдану

HP қойындысынан басқа әрбір теңшелімдер қойындысында көрінетін **Избранные настройки** параметрі ағымдағы теңшелімдерді келешекте пайдалану үшін сақтауға мүмкіндік береді.

**Избранные настройки** элементін сақтау үшін мына қадамдарды орындаңыз:

- 1 Әр қойындыда параметрлерді қажетінше өзгертіңіз.
- 2 **Избранные настройки** енгізу өрісіне элементтің атауын енгізіңіз.
- 3 **Сохранить** түймесін басыңыз.
- 4 Атын және сипатын енгізіңіз, одан кейін қалаған белгішені таңдаңыз.
- 5 **OK** түймесін басыңыз. **Избранные настройки** тармағын сақтаған кезде барлық ағымдағы драйвер параметрлері сақталады.



Сақталған параметрді пайдалану үшін оны **Избранные настройки** қойындысында таңдаңыз. Құрылғы енді таңдалған параметрлерге сай басып шығаруға орнатылды. Сақталған параметрді жою үшін оны **Избранные настройки** қойындысын таңдап, **Удалить** түймесін басыңыз.

---

---

# Анықтаманы пайдалану

Басып шығару теңшелімдері терезесінде мәлімет алу керек параметрді нұқып, пернетақтада F1 пернесін басыңыз.

# Басып шығару мүмкіндіктері




- Модельге немесе қосымшаларға байланысты бұл мүмкіндік қол жетімді болмауы мүмкін (8-беттегі "Үлгілер бойынша функциялар" бөлімін қараңыз).
- Принтердің бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін, HP веб-сайтынан бағдарламалық жасақтама бумаларын жүктеп алуыңыз керек. HP бойынша принтерге арналған толық анықтаманы алу үшін [www.hp.com/support/laser130MFP](http://www.hp.com/support/laser130MFP) веб-сайтына өтіңіз.


## Принтердің арнайы мүмкіндіктерін түсіну







Құрылғыны пайдалану барысында қосымша басып шығару мүмкіндіктерін пайдалануға болады.

Принтер драйвері беретін принтер мүмкіндіктерінің артықшылығын пайдалану мақсатында басып шығару параметрлерін өзгерту үшін бағдарламаның **Сипаттар** терезесінде **Теңшелімдер** немесе **Басып шығару** пәрменін таңдаңыз. Принтер сипаттары терезесінде шығатын машина атауы пайдаланылатын машинаға байланысты басқа болуы мүмкін.








- Параметрлерге немесе үлгілерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.
- **Справка** мәзірін таңдаңыз немесе терезеде  түймесін басыңыз немесе пернетақтада **F1** пернесін басыңыз және мәліметтер алғыңыз келетін кез келген параметрді нұқыңыз (76-беттегі "Анықтаманы пайдалану" бөлімін қараңыз).



Элемент	Сипаттама
Несколько страниц на стороне 	Бір парақта басып шығару керек беттердің санын таңдайды. Бір парақта бірнеше бет басып шығару үшін беттердің өлшемін азайту және көрсетілген ретпен реттеу керек. Бір парақта 16-ға дейін бет басып шығаруға болады.

Элемент	Сипаттама
<p>Плакат</p> 	<p>Бір беттік құжатты 4 (2x2 өлшемді афиша), 9 (3x3 өлшемді афиша) немесе 16 (4x4 өлшемді афиша) параққа басып шығарады. Содан кейін парақтар біріктіріліп, бір афиша өлшемді құжат алынады.</p> <p><b>Перекрытие частей плаката</b> мәнін таңдаңыз. Парақтарды бір біріне жабыстыру оңай болуы үшін орналастыру <b>Перекрытие частей плаката</b> қойындысының жоғарғы оң жағында айырып-қосқышты таңдау арқылы <b>Основные</b> мәнін миллиметрлермен немесе дюймдермен көрсетіңіз.</p> 
<p>Брошюра</p> 	<p>Құжатты парақтың екі жағында да басып шығарады және беттерді басып шығарғаннан кейін кітапша жасау үшін бетті бүгуге болатындай реттейді.</p> <p> • <b>Брошюра</b> параметрі барлық қағаз өлшемдері үшін қол жетімді емес. Қандай қағаз өлшемдері бар екенін көру үшін <b>Размер</b> қойыншасында бар қағаз <b>Бумага</b> параметрін таңдаңыз.</p> <p>• Қол жетімді емес қағаз өлшемін таңдасаңыз, бұл параметр автоматты түрде болдырылмайды. Тек қол жетімді қағаздарды (  немесе  таңбасы жоқ) таңдаңыз.</p>



Элемент	Сипаттама
<p>Двусторонняя печать в ручном режиме</p>	<p>Парақтың екі жағында да басып шығару. Басып шығару алдында құжаттың бағдарын таңдаңыз.</p> <p> <b>Пропускать пустые страницы</b> мүмкіндігі екі жақты басып шығару параметрін таңдағанда жұмыс істемейді.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Нет:</b> функцияны өшіреді.</li> <li>• <b>Длинный край:</b> Бұл параметр кітаптарды түптеуде қолданылатын әдеттегі орналасу.</li> </ul> <p></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Короткий край:</b> Бұл параметр күнтізбелерді қолданылатын әдеттегі орналасу.</li> </ul> <p></p>
<p>Параметры бумаги</p> <p></p>	<p>Құжатты үлкейту немесе кішірейту пайызын енгізу арқылы құжаттың өлшемін басып шығарылатын бетте үлкенірек немесе кішірек болатындай өзгертеді.</p>
<p>Су таңбасы</p> <p></p>	<p>Су таңбасы параметрі бар құжат үстінен мәтінді басып шығаруға мүмкіндік береді. Мысалы, оны құжаттың бірінші бетінде немесе барлық беттерінде диагональ бойынша «<b>DRAFT</b>» немесе «<b>CONFIDENTIAL</b>» үлкен, сұр әріптердің басып шығарылуы керек болғанда пайдалануға болады.</p>

Элемент	Сипаттама
<p>Су таңбасы (Су таңбасын жасау)</p>	<p>a. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін <b>Настройка печати</b> тармағына өтіңіз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).</p> <p>b. <b>Дополнительно</b> қойындысының <b>Водяной знак</b> ашылмалы тізімінде <b>Правка...</b> пәрменін таңдаңыз.</p> <p>c. <b>Текст водяного знака</b> өрісіне мәтіндік хабарды енгізіңіз. 256-ға дейін таңба енгізуге болады. <b>Только на первой странице</b> құсбелгісі қойылғанда, су таңбасы тек бірінші бетте басып шығарылады.</p> <p>d. Су таңбасының параметрлерін таңдаңыз. Қаріп атын, стилін, өлшемін және түсін <b>Параметры шрифта</b> бөлімінде, ал су таңбасының бұрышын <b>Выравнивание и наклон водяного знака</b> бөлімінен орната аласыз.</p> <p>e. <b>Текущие водяные знаки</b> тізіміне жаңа су таңбасын қосу үшін <b>Добавить</b> түймесін басыңыз.</p> <p>f. Өңдеуді аяқтағанда <b>OK</b> терезесінен шыққанша <b>OK</b> немесе <b>Печать</b> түймесін басыңыз.</p>
<p>Су таңбасы (Су таңбасын өңдеу)</p>	<p>a. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін <b>Настройка печати</b> тармағына өтіңіз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).</p> <p>b. <b>Дополнительно</b> қойындысын нұқыңыз, <b>Правка...</b> ашылмалы тізімінде <b>Водяной знак</b> пәрменін таңдаңыз.</p> <p>c. <b>Текущие водяные знаки</b> тізімінде өңдеу керек су таңбасын таңдап, су таңбасының хабарын және параметрлерін өзгертіңіз.</p> <p>d. Өзгертулерді сақтау үшін <b>Обновить</b> пәрменін таңдаңыз.</p> <p>e. <b>Печать</b> терезесінен шығу алдында <b>Басып шығару</b> немесе <b>OK</b> түймесін басыңыз.</p>
<p>Су таңбасы (Су таңбасын жою)</p>	<p>a. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін <b>Басып шығару теңшелімдері</b> тармағына өтіңіз.</p> <p>b. <b>Дополнительно</b> қойындысын нұқыңыз, <b>Правка...</b> ашылмалы тізімінде <b>Водяной знак</b> пәрменін таңдаңыз.</p> <p>c. <b>Текущие водяные знаки</b> тізімінде жою керек су таңбаларын таңдаңыз және <b>Удалить</b> түймесін басыңыз.</p> <p>d. <b>Печать</b> терезесінен шығу алдында <b>Басып шығару</b> немесе <b>OK</b> түймесін басыңыз.</p>

Элемент	Сипаттама
<p>Наложение</p> 	<p>Оверлей — компьютердің қатты дискісінде (HDD) арнайы файл пішімі түрінде сақталатын және кез келген құжатта басылып шығатын мәтін және/немесе сурет. Оверлейлер әдетте дайын бланк қағазының орнына қолданылады. Алдын ала басып шығарылған бланкты пайдаланудың орнына дәл қазір бланкта бар ақпаратты қамтитын қабаттасуды жасауға болады. Компанияның бланкымен хатты басып шығау үшін машинаға алдын ала басып шығарылған бланк қағазын жүктеудің қажеті жоқ: жай құжатта бланк қабаттасуын басып шығарыңыз.</p> <p>Бет оверлейін пайдалану үшін, логотипті немесе суретті қамтитын жаңа бет оверлейін жасау керек.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li> Оверлей құжатының өлшемі оверлеймен басылатын құжаттың өлшемімен бірдей болуы керек. Қабаттасуды су таңбасымен бірге жасамаңыз.</li> <li>Оверлей құжатының ажыратымдылығы сонымен бірге басылып шығатын құжаттың ажыратымдылығымен бірдей болуы керек.</li> </ul>
<p>Наложение (Қабаттастыру)</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>a. Жаңа бет қабаттасуында пайдалану керек мәтін немесе сурет бар құжатты жасаңыз немесе ашыңыз. Элементтерді қабаттасу ретінде шығатындай орналастырыңыз.</li> <li>b. Құжатты қабаттасу ретінде сақтау үшін <b>Басып шығару теңшелімдері</b> тармағына өтіңіз.</li> <li>c. <b>Дополнительно</b> қойындысын басып, <b>Наложение</b> ашылмалы тізімінен <b>Создать</b> пәрменін таңдаңыз.</li> <li>d. <b>Сохранить как</b> терезесінде <b>Имя задания</b> жолағында сегізге дейін таңбадан тұратын атауды енгізіңіз. Қажет болса, файл жолын көрсетіңіз (Әдепкі жолы: C:\Formover).</li> <li>e. <b>Сохранить</b> түймесін басыңыз.</li> <li>f. <b>Печать</b> терезесінен шығу алдында <b>Басып шығару</b> немесе <b>ОК</b> түймесін басыңыз. Рақтау терезесінде <b>Да</b> жауабын таңдаңыз.</li> <li>g. Файл басып шығарылмайды. Оның орнына, ол компьютердің қатты дискінде сақталады.</li> </ol>

Элемент	Сипаттама
<p>Наложение (Бет қабаттасуын пайдалану)</p>	<p>a. Басып шығару керек құжатты жасаңыз немесе ашыңыз.</p> <p>b. Бағдарламада басып шығару параметрлерін өзгерту үшін <b>Басып шығару теңшелімдері</b> тармағына өтіңіз.</p> <p>c. <b>Дополнительно</b> қойындысын нұқыңыз.</p> <p>d. <b>Наложение</b> ашылмалы тізімінен <b>Печать наложения</b> таңдаңыз.</p> <p>e. Пайдалану керек қабаттасу файлын сыртқы көзде сақтасаңыз, файлды <b>Загрузить</b> терезесін ашып та қотаруға болады. Файлды таңдағанда, <b>Открыть</b> түймесін басыңыз. Файл <b>Список наложений</b> жолағында шығады және басып шығару үшін қол жетімді. <b>Список наложений</b> жолағында қабаттасуды таңдаңыз.</p> <p>f. Қажет болса, <b>Подтверждать наложение при печати</b> құсбелгісін қойыңыз. Егер бұл құсбелгі қойылған болса, құжатты басып шығаруға жіберген сайын құжат үстінен қабаттасуды басып шығару керектігін сұрайтын хабар терезесі шығады. Егер бұл құсбелгі қойылмаса және қабаттасу таңдалмаса, қабаттасу құжатпен бірге автоматты түрде басып шығарылады.</p> <p>g. <b>Печать</b> терезесінен шығу алдында <b>Басып шығару</b> немесе <b>OK</b> түймесін басыңыз. Таңдалған қабаттасу құжат үстінен басып шығарылады.</p>
<p>Наложение (Бет қабаттасуын жою)</p>	<p>a. <b>Printing Preferences</b> терезесінде <b>Дополнительно</b> қойындысын нұқыңыз.</p> <p>b. <b>Правка</b> ашылмалы тізімінде <b>Текст</b> пәрменін таңдаңыз.</p> <p>c. <b>Список наложений</b> өрісінде жою керек қабаттасуды таңдаңыз.</p> <p>d. <b>Удалить</b> түймесін басыңыз.</p> <p>e. Растау терезесінде <b>Да</b> жауабын таңдаңыз.</p> <p>f. <b>Печать</b> терезесінен шығу алдында <b>Басып шығару</b> немесе <b>OK</b> түймесін басыңыз. Пайдаланылмайтын болса, бет қабаттасуларын жоюға болады.</p>

# Состояние принтера бағдарламасын пайдалану

Состояние принтера – құрылғының күйін бақылайтын және ол туралы хабарлайтын бағдарлама.



- Пайдаланылатын машинаға немесе амалдық жүйеге байланысты осы пайдаланушы нұсқаулығында көрсетілген Состояние принтера терезесі және оның мазмұны басқа болуы мүмкін.
- Құрылғымен үйлесімді амалдық жүйені(лерді) тексеріңіз (189-беттегі "Жүйеге қойылатын талаптар" бөлімін қараңыз).


## Состояние принтера бағдарламасын шолу

Пайдалану кезінде қате орын алса, қатені Состояние принтера бағдарламасында тексере аласыз. Состояние принтера бағдарламасы құрылғының бағдарламалық жасақтамасын орнатқанда автоматты түрде орнатылады.

Сондай-ақ, Состояние принтера бағдарламасын қолмен қосуға болады. **Настройки печати** терезесіне өтіп, **HP** қойындысынан басқа қойындыны > **Состояние принтера** түймесін басыңыз. **HP** қойындысынан басқа әрбір параметрлер қойындысында көрінетін **Избранные настройки** параметрі.

Бұл белгішелер Windows тапсырмалар жолағында шығады:

Белгі ше	Орташа	Сипаттама
	Стандартное	Машина дайын күйде және қателер немесе ескертулер жоқ.
	Ескерту	Машина болашақта қате орын алу мүмкін күйде. Мысалы, ол тонер аз күйінде болуы мүмкін. Бұл тонер жоқ күйіне әкелуі мүмкін.
	переноса	Машинада кемінде бір қате бар.



1	Құрылғы туралы ақпарат	Осы жерден құрылғы күйін, ағымдағы принтер үлгісінің атауын, қосылған порт атауын қарай аласыз.
2	Пайдаланушы нұсқаулығын	Руководство пользователя түймесі өшірілген. Пайдаланушы нұсқаулығын <a href="http://www.hp.com/support/laser130MFP">www.hp.com/support/laser130MFP</a> веб-сайтынан жүктеп алуға болады.
3	Сведения о расх. мат.	Әрбір тонер картриджінде қалған тонердің мөлшерін көруіңізге болады. Жоғарыда көрсетілген құрылғы мен тонер картридж(дер)інің саны қолданыстағы құрылғыға қарай басқаша болуы мүмкін. Кейбір құрылғыларда мұндай мүмкіндік болмайды.
4	Функция	Басып шығару тапсырмасы туралы ескертуге қатысты параметрлерді орнатуға болады.
5	Заказ расход. мат.	Қосалқы тонер картридж(дер)іне желіде тапсырыс беруіңізге болады.
6	Отменить печать немесе Закрыть	<ul style="list-style-type: none"> <li>• <b>Отменить печать:</b> Егер басып шығару тапсырмасы басып шығару кезегінде немесе принтерде күтіп тұрса, басып шығару кезегіндегі немесе принтердегі пайдаланушының барлық басып шығару тапсырмаларын болдырмаңыз.</li> <li>• <b>Закрыть:</b> Құрылғының немесе қолдау көрсетілетін функциялардың күйіне байланысты, күй терезесін жабу үшін <b>Закрыть</b> түймешігі пайда болуы мүмкін.</li> </ul>

---

# Көшіру

Бұл тарауда жалпы көшіру опциялары туралы ақпарат берілген.

- Негізгі көшіру 86
- Әрбір көшірме үшін параметрлерді өзгерту 87
- Жеке бас куәлігінің көшірмесін жасау 90


---

# Негізгі көшіру


---



- Мәзірлерге қатынасу әрбір модельде әртүрлі болуы мүмкін (29-беттегі "Мәзірге қатынасу" немесе 22-беттегі "Басқару панеліне жалпы шолу" қараңыз).
  - Модельдерге немесе параметрлерге байланысты кейбір мәзірлерге қолдау көрсетілмеуі мүмкін (8-беттегі "Үлгілер бойынша функциялар" бөлімін қараңыз).
- 


1 Басқару тақтасында  (көшіру) > ... (Меню) > **Копирование** тармағына өтіңіз.  
Немесе басқару тақтасында ... (Меню) > **Копирование** тармағын таңдаңыз.

2 Жеке құжатты орнату (47-беттегі "Түпнұсқаларды салу" бөлімін қараңыз).




3 Басқару тақтасының түймелерін пайдалана отырып көшіру параметрлерін, соның ішінде **Масштабировать**, **Плотность**, **Оригинал** және тағы басқаларын теңшеу керек болса (87-беттегі "Әрбір көшірме үшін параметрлерді өзгерту" бөлімін қараңыз).

4 Керек болған жағдайда, көрсеткіні немесе сандық пернетақтаны пайдаланып көшірмелер санын енгізіңіз.

5  (**Бастау**) түймесін басыңыз.

---



Егер жұмыс барысында көшіру тапсырмасынан бас тартқыңыз келсе,  (**Отмена**) түймесін басыңыз, сонда көшіру тоқтатылады.

---



---

# Әрбір көшірме үшін параметрлерді өзгерту

Жылдам әрі оңай көшірмелер жасау үшін құрылғы әдепкі көшіру параметрлерімен қамтамасыз етеді. Алайда, әр көшірменің параметрін өзгерту керек болса, басқару тақтасындағы көшірме жасау функциясының түймелерін пайдаланыңыз.



- Егер көшіру параметрлерін орнату барысында (**Отмена**) түймесін бассаңыз, ағымдағы көшіру тапсырмасы үшін орнатылған барлық параметрлерден бас тартылады да және олар әдепкі күйлеріне оралады. Немесе құрылғы орындалу үстіндегі көшіруді аяқтағанда олар әдепкі күйіне оралады.
- Мәзірлерге қатынасу әр модельде әр түрлі болуы мүмкін (29-беттегі "Мәзірге қатынасу" бөлімін қараңыз).
- Кейбір модельдерде төменірек деңгейдегі мәзірлерге өту үшін **OK** түймесін басу қажет болуы мүмкін.

---

## Қараңғылық

Егер көмескі түсті белгілер мен қою түсті суреттері бар түпнұсқа болса, оқуға оңай көшірме жасау үшін ашықтықты баптауға болады.

- 1 Басқару тақтасында (көшіру) > **...** (**Меню**) > **Копирование** > **Плотность** тармағын таңдаңыз.  
Немесе басқару тақтасында **Плотность** түймесін таңдаңыз.
- 2 Қажет параметрді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.  
Мысалы, **Светлое+5** ең ашығы, ал **Темное+5** ең күңгірті.
- 3 Дайын режиміне оралу үшін (**Отмена**) түймесін басыңыз.

## Тип оригинала

Түпнұсқа параметрі ағымдағы көшіру тапсырмасы үшін құжатты таңдау арқылы көшіру сапасын жақсарту үшін пайдаланылады.

- 1 Басқару тақтасында (көшіру) > **...** (**Меню**) > **Копирование** > **Тип оригинала** тармағына өтіңіз.  
Немесе басқару тақтасында **...** (**Меню**) > **Копирование** > **Тип оригинала** тармағын таңдаңыз.

2 Қажет параметрді таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

- **Текст:** Негізінен мәтіннен тұратын түпнұсқалар үшін пайдаланыңыз.
- **Текст и фотография:** Мәтіні мен фотосуреттері бар аралас мазмұнды түпнұсқалар үшін пайдаланыңыз.



Басып шығарылған мәтіндер бұлдыр болса, анық мәтіндерді алу үшін **Текст** параметрін таңдаңыз.

- 
- **Фото:** Түпнұсқалар фотосуреттер болған кезде пайдаланыңыз.

3 Дайын режиміне оралу үшін (**Отмена**) түймесін басыңыз.

## Кішірейтілген немесе үлкейтілген көшірме

Сканер шынысында түпнұсқа құжаттарды көшіргенде, көшірілген суреттің өлшемін 25% - 400% арасында кішірейтуге немесе үлкейтуге болады.



- Модельге немесе қосымшаларға байланысты бұл мүмкіндік қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Әр түрлі мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).
- Егер машина үнемдеу режимінде болса, кішірейту және үлкейту мүмкіндіктері қол жетімді болмайды.

---

## Алдын ала орнатылған көшірме өлшемдерін таңдау үшін



1 Басқару тақтасында (көшіру) > **...** (**Меню**) > **Копирование** > **Масштабировать** тармағына өтіңіз.

Немесе басқару тақтасында **...** (**Меню**) > **Копирование** > **Масштабировать** тармағын таңдаңыз.

2 Қажет параметрді таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

3 Дайын режиміне оралу үшін (**Отмена**) түймесін басыңыз.

## Көшірмені масштаб өлшемдерін тікелей енгізу арқылы масштабтау үшін

- 1 Басқару тақтасында  (көшіру) > ... (Меню) > Копирование > Масштабировать > **Нестандартный** тармағына өтіңіз.  
Немесе басқару тақтасында ... (Меню) > Копирование > Масштабировать тармағын таңдаңыз.
- 2 Сандық пернетақтаны пайдаланып қажет көшірме өлшемін енгізіңіз.
- 3 Таңдалған параметрді сақтау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 4 Дайын режиміне оралу үшін  (**Отмена**) түймесін басыңыз.



Көшірме өлшемін қысқартқан кезде, көшірменің төменгі бөлігінде қара сызықтар пайда болуы мүмкін.

---

---


# Жеке бас куәлігінің көшірмесін жасау

Құрылғы бір параққа қос бетті түпнұсқаларды басып шығара алады.

Құрылғы түпнұсқаның өлшемін азайтпай, түпнұсқаның бір бетін қағаздың жоғары бетіне басып шығарады, екінші бетін төменгі бетіне басып шығарады. Бұл мүмкіндік іскери карта сияқты кіші көлемді нәрселерді көшіруге тиімді.

---




- Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін түпнұсқа сканер шынысына орналастырылуы тиіс.
  - Егер құрылғы Эко режиміне орнатылса, бұл функция қолжетімсіз.
  - Кескін сапасын жақсарту үшін, басқару панеліндегі  (Копировать) > ... (Меню) > Копирование > Тип оригинала > Фото таңдаңыз немесе ... (Меню) > Копирование > Тип оригинала > Фото түймесін басыңыз.
- 

1 Басқару тақтасындағы **Копия удостов.** түймесін басыңыз.

2 Суретте көрсетілгендей, түпнұсқаның алдыңғы жағын сканер әйнегінің бірінші жарты жағының ортасына төмен қаратып қойыңыз. Одан кейін сканер қақпағын жабыңыз.




3 Дисплейде **Помест. лиц стор и нажм. [Старт]** хабары көрсетіледі.

4  (**Бастау**) түймесін басыңыз.


Құрылғы алдыңғы бетті сканерлеуді бастап, **Помест. обр. стороной и нажмите [Пуск]** хабарын көрсетеді.

Уд.сообщ.тон.	Тонер картриджі бос болғанда осы параметр пайда болады. Бос хабарды тазалауға болады.
Срок службы	Жабдықтардың қызмет көрсету мерзімін көрсетеді (143-беттегі "Керек-жарақтардың жұмыс мерзімін бақылау" бөлімін қараңыз.)
Мастер изобр.	Контраст деңгейі, түсті тіркеу, түс тығыздығы, т.б. сияқты түс параметрін реттеуге мүмкіндік береді. <ul style="list-style-type: none"><li>• <b>Выбор цвета:</b> контрастты түс-түспен баптауға мүмкіндік береді.<ul style="list-style-type: none"><li>- <b>По умолчанию:</b> түстерді автоматты түрде оңтайландырады.</li><li>- <b>Плотн. печати:</b> басып шығару үшін түс контрастын өз бетімен баптауға мүмкіндік береді. Түстің аса оңтайлы сапасы үшін әдепкі параметрді пайдалану ұсынылады.</li></ul></li></ul>
Серийный номер	Құрылғының сериялық нөмірін көрсетеді. Қызмет көрсету орталығына қоңырау шалғанда немесе HP веб-сайтында пайдаланушы ретінде тіркелгенде, оны таба аласыз.
Заканч. тонер	Деңгейді тонер төмен немесе тонер бос болғанда ескертетіндей теңшейді (144-беттегі "Тонер төмен ескертуін орнату" бөлімін қараңыз).

# Желі параметрлерін орнату



Параметрлерге немесе үлгілерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді (29-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).

- Басқару тақтасындағы **...** (Меню) > **Сеть** тармағына өтіңіз.

Опция	Сипаттама
TCP/IP (IPv4)	Желі ортасын пайдалану үшін тиісті протоколды таңдайды және параметрлерді теңшейді.  Орнатылатын көптеген параметрлер бар. Сенімді болмасаңыз, осы түрінде қалдырыңыз немесе желілік әкімшіден сұраңыз.
TCP/IP (IPv6)	Желі ортасын IPv6 арқылы пайдалану үшін осы параметрді таңдайды (53-беттегі "IPv6 конфигурациясы" бөлімін қараңыз).
Ethernet	Желі арқылы беру жылдамдығының және белсенді порт параметрлерін реттеңіз.
Wi-Fi	Wi-Fi желісін пайдалану үшін осы параметрді таңдаңыз.
Сброс настроек	Желі параметрлерін әдепкі мәндеріне қайтарады. (Қайта іске қосу қажет.)
Конфигур. сети	Бұл тізім құрылғының желі байланысы мен конфигурациясы бойынша мәліметтерді көрсетеді.
Мастер проток.	Протоколдарды қосуға не өшіруге болады.

---

# Қызмет көрсету

Бұл тарауда машинаңыз үшін шығын материалдарын, керек-жарақтарды және қосалқы бөлшектерді сатып алу туралы ақпарат берілген.

- Шығын материалдарына және керек-жарақтарға тапсырыс беру **135**
- Алуға болатын жабдықтар **136**
- Алуға болатын қосалқы бөлшектер **137**
- Тонер картриджін сақтау **138**
- Тонерді қайта тарату **140**
- Тонер картриджін ауыстыру **141**
- Керек-жарақтардың жұмыс мерзімін бақылау **143**
- Тонер төмен ескертуін орнату **144**
- Құрылғыны тазалау **145**



---

# Шығын материалдарына және керек-жарақтарға тапсырыс беру



Алуға болатын керек-жарақтар әр елде әртүрлі болуы мүмкін. Бар шығын материалдарының және қосалқы бөлшектердің тізімін алу үшін сату өкіліне хабарласыңыз.

---

HP рұқсат еткен жабдықтар, керек-жарақтар мен қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру үшін, құрылғыны сізге сатқан жергілікті HP дилеріне немесе сатушысына хабарласыңыз. Сондай-ақ, қызмет бойынша байланыс ақпаратын алу үшін <https://store.hp.com/> торабына кіріп, елді/аймақты таңдай аласыз.

# Алуға болатын жабдықтар

Шығын материалдарының қызмет көрсету мерзімдері аяқталғанда, құрылғыңыз үшін шығын материалдарының келесі түрлеріне тапсырыс бере аласыз:

Элемент	Өнім атауы	Картрид ждің нөмірі	Өнім нөмірі	Аймақ <sup>а</sup>
Тонер картриджі	HP 105A қара түсті түпнұсқа лазерлік тонер картриджі	105A	W1105A	Латын Америкасында ғана пайдалануға арналған
	HP 106A қара түсті түпнұсқа лазерлік тонер картриджі	106A	W1106A	Еуропа, Ресей, ТМД, Таяу Шығыс елдері және Африкада ғана пайдалануға арналған
	HP 107A қара түсті түпнұсқа лазерлік тонер картриджі	107A	W1107A	Азия-Тынық мұхит аймағындағы елдерде ғана (Қытай мен Үндістанды қоспағанда) пайдалануға арналған
	HP 110A қара түсті түпнұсқа лазерлік тонер картриджі	110A	W1110A	Қытайда ғана пайдалануға арналған
W1112A			Үндістанда ғана пайдалануға арналған	

а. Жаңа тонер картридждерін немесе басқа шығын материалдарын сатып алғанда, оларды машинаны пайдаланып жатқан елде сатып алу керек. Әйтпесе, тонер картридждерінің және басқа шығын материалдарының нақты ел жағдайларына сай басқа теңшелімдеріне байланысты жаңа тонер картридждері немесе басқа шығын материалдары машинамен сыйыспайтын болуы мүмкін.



Пайдаланылған опциялар, сурет кеңістігінің пайыздық көрсеткішіне және тапсырма режиміне қарай тонер картриджінің қызмет ету мерзімі әр түрлі болуы мүмкін.



HP компаниясы HP компаниясы жасамаған қайта толтырылған немесе қайта жасалған тонері бар сияқты тонер картриджін пайдалануды ұсынбайды. HP компаниясы HP өзі шығармаған тонер картриджінің сапасына кепілдік бере алмайды. HP компаниясы жасамаған тонер картридждерін пайдалану нәтижесінде қажет болған қызмет көрсету немесе жөндеуді құрылғының кепілдігі қамтымайды.

---

## Алуға болатын қосалқы бөлшектер

Құрылғыны үздік күйде сақтау және тозған бөлшектерден қағаз сапасы мен қағаз берілісінің мәселелеріне жол бермеу үшін жөнделетін бөлшектерді ерекше аралықтарда алмастыруыңыз керек. Жөнделетін бөлшектер көбінесе роликтер, белдіктер мен тақталар болады. Дегенмен, алмастыру мерзімі мен бөлшектер үлгіге байланысты өзгеше болуы мүмкін. Қосалқы бөлшектерді тек құрылғыны сізге сатқан өкілетті қызмет көрсетуші, дилер немесе сатушы ауыстыра алады. Қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін, құрылғыны сатып алған сауда бөліміне хабарласыңыз. Қосалқы бөлшектердің ауыстыру мерзімі туралы "Printer Status" бағдарламасы арқылы хабарланады. Немесе құрылғыңыз дисплей экранына қолдау көрсетсе, пайдаланушы интерфейсінде. Алмастыру мерзімі пайдаланылған операциялық жүйеге, компьютер өнімділігіне, бағдарламалық жасақтамаға, байланыс әдісіне, қағаз түріне, қағаз өлшеміне және тапсырманың орындалғанына байланысты өзгеше болады.

---

# Тонер картриджін сақтау

Тонер картриджінде жарыққа, температураға және ылғалға сезімтал құрамдастар бар. HP компаниясы жаңа HP тонер картриджінің оңтайлы өнімділігін, ең жоғары сапасын және ең ұзақ қызмет көрсету мерзімін қамтамасыз ету үшін осы ұсыныстарды орындауды ұсынады.

Бұл картриджді принтер пайдаланылатын жерде сақтаңыз. Бұл бақыланатын температура және ылғалдылық жағдайлары болуы керек. Орнатуға дейін тонер картриджі бастапқы, ашылмаған орамасында болуы керек – егер бастапқы орама жоқ болса, картридждің жоғарғы тесігін қағазбен жабыңыз және қараңғы шкафта сақтаңыз.

Картридж орамын пайдалануға дейін ашу оның пайдалы жұмыс мерзімін айтарлықтай қысқартады. Еденге сақтамаңыз. Егер тонер картриджі принтерден алынса, тонер картриджін тиісті түрде сақтау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

- Картриджді бастапқы орамадан алынған қорғаушы пакетте сақтаңыз.
- Машинада орнатылғандағыдай бетін жоғары қаратып, жатқызып (шетінде тұрғызып емес) сақтаңыз.
- Шығыс материалдарын кез келген келесі жағдайларда сақтамаңыз:
  - 40°C (104°F) деңгейінен жоғары температурада.
  - Ылғалдылық ауқымы 20%-дан азырақ немесе 80%-дан көбірек.
  - Ылғалдылық пен температураның күрт өзгерістеріне ие орта.
  - Тікелей күн көзі мен бөлме жарығында.
  - Шаң жерлерде.
  - Ұзақ уақыт бойы автокөлікте.
  - Улы газды орталарда.
  - Тұзды ауалы орталарда.

## Пайдалану нұсқаулары

- Картриждегі фотоөткізгіш барабанның бетін ұстамаңыз.
- Картриджді қажетсіз вибрациялар немесе соққы әсеріне қалдырмаңыз.
- Барабанды ешқашан әсіресе кері бағытта қолмен айналдырмаңыз, бұл ішкі зиян мен тонердің төгілуіне алып келуі мүмкін.

## Тонер картриджін пайдалану

HP компаниясы принтерде HP картриджінен басқа картридждерді, соның ішінде жалпы және сауда желісінің маркасына, қайта толтырылған немесе қайта өндірілген тонер картридждерін қолдануды ұсынбайды және қолдамайды.



HP принтеріне кепілдік қайта толтырылған, қайта жасалған немесе HP емес маркалы тонер картридждерін пайдалану тудырған зақымды қамтымайды.

## Картридждің болжамды қызмет мерзімі

Картридждің болжамды қызмет мерзімінің (тонер картриджінің болжамды пайдалы қызмет мерзімі) басып шығару тапсырмасының қажет ететін тонер көлеміне байланысты болады. Нақты басып шығару өнімділігі беттердің баспа тығыздығына, жұмыс істеу ортасына, сурет ауданының пайызына, басып шығару уақыт аралығына, медиа түріне және/немесе медиа өлшеміне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, көп сызбалықтарды басып шығарсаңыз, тонерді тұтыну жоғарырақ болады және картриджі жиірек ауыстыру қажет болады.

# Тонерді қайта тарату



Картридждегі қалған тонерді қайта тарату арқылы басып шығару сапасын уақытша арттыруға болады. Кейбір жағдайларда ақ жолақтар немесе ашық басып шығару тіпті тонерде қайта таратудан кейін де орын алады.



Бұл пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер құрылғының үлгісіне немесе орнатылған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).



- Тонер картриджіне зақым тиюіне жол бермеу үшін оған бес минуттан аса жарық түсірмеңіз. Қажет болса, оны қағазбен жабыңыз.
- Тонер картриджінің жасыл бөлігіне тимеңіз. Бұл аумаққа тимеу үшін картридж тұтқасын пайдаланыңыз.
- Егер тонер киімге тисе, оны құрғақ матамен сүртіңіз және киімді суық сумен жуыңыз. Ыстық су тонерді талшыққа сіңдіріп жібереді.
- Сканерді ашқанда, құжат бергіш және сканерді бірге ұстап тұрыңыз.



---

# Тонер картриджін ауыстыру

Тонер картриджін ауыстыру қажет болған кезде, құрылғының тонер картриджінің түрін тексеріңіз (136-беттегі "Алуға болатын жабдықтар" бөлімін қараңыз).




---



- Тонер картриджін жақсылап шайқаңыз, бұл бастапқы басып шығару сапасын арттырады.
  - Бұл пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер құрылғының үлгісіне немесе орнатылған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).
- 



- Тонер картриджіне зақым тиюіне жол бермеу үшін оған бес минуттан аса жарық түсірмеңіз. Қажет болса, оны қағазбен жабыңыз.
- Тонер картриджінің жасыл бөлігіне тимеңіз. Бұл аумаққа тимеу үшін картридж тұтқасын пайдаланыңыз.
- Тонер картриджінің орамасын ашу үшін пышақ немесе қайшы сияқты өткір заттарды қолданбаңыз. Олар картридждің барабанына сызат түсіруі мүмкін.
- Егер тонер киімге тисе, оны құрғақ матамен сүртіңіз және киімді суық сумен жуыңыз. Ыстық су тонерді талшыққа сіңдіріп жібереді.
- Сканер құрылғысын ашқанда, құжат бергіш және сканерді бірге ұстап тұрыңыз.






---

# Керек-жарақтардың жұмыс мерзімін бақылау

Егер қағаз жиі кептеліп қалса немесе баспа мәселелері жиі орын алса, құрылғы басып шығарған қағаз санын тексеріңіз. Қажет болса, тиісті бөлшектерді ауыстырыңыз.

- 1 Басқару тақтасында **••• (Меню) > Настр. сист. > Отчет** тармағын таңдаңыз.
- 2 Қажет параметрді таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.
  - **Всего:** Басылып шыққан беттердің жалпы санын көрсетеді.
  - **Скан.с автоп.:** Құжат бергішті пайдалана отырып басып шығарылған беттердің санын көрсетеді.
  - **На стекле:** Сканерлеу әйнегінің көмегімен сканерленген бет санын көрсетеді.
  - **Расх. материал:** Керек-жарақтардың ақпарат бетін басып шығарады.
- 3 Дайын режиміне оралу үшін  (**Отмена**) түймесін басыңыз.

---

# Тонер төмен ескертуін орнату

Картридждегі тонердің мөлшері төмен болса, пайдаланушыға тонер картриджін ауыстыруды хабарлайтын хабар немесе ЖД шығады. Параметрді бұл хабар немесе ЖД шықса да, шықпаса да орната аласыз.

---



- Мәзірлерге қатынасу әр модельде әр түрлі болуы мүмкін (29-беттегі "Мәзірге қатынасу" бөлімін қараңыз).
  - Кейбір модельдерде төменірек деңгейдегі мәзірлерге өту үшін **OK** түймесін басу қажет болуы мүмкін.
- 

- 1 Басқару панеліндегі **••• (Меню) > Настр. сист. > Обслуживание > Законч. тонер** тармағына өтіңіз.
- 2 Қажет параметрді таңдаңыз.
- 3 Таңдалған параметрді сақтау үшін **OK** түймесін басыңыз.

---

# Құрылғыны тазалау

Егер басып шығару сапасы мәселелері орын алса немесе құрылғыны шаң ортада пайдалансаңыз, ең жақсы басып шығару сапасын сақтау және құрылғыны ұзағырақ пайдалану үшін құрылғыны тұрақты түрде тазалау керек.



- Машинаның корпусын алкогольдің, еріткіштердің немесе басқа күшті заттардың көп мөлшері бар заттармен тазалау корпусың түсін кетіруі немесе зақымдауы мүмкін.
- Егер машина немесе оның айналасы тонермен ластанса, оны тазалау үшін суға малынған матаны пайдалану ұсынылады. Шаңсорғышты пайдаланғанда, тонер ауаға ұшады. Бұл денсаулыққа қауіпті болуы мүмкін.

## Сыртқы жағын немесе дисплей экранын тазалау

Құрылғы корпусын немесе дисплей экранын жұмсақ, талшықсыз шүберекпен тазалаңыз. Шүберекпен мұқият сулаңыз, бірақ құрылғы сыртына немесе ішіне судың кіріп кетпеуіне сақ болыңыз.

## Ішкі бөлігін тазалау




Басып шығару барысында, қағаз, тонер және шаң түйіршіктері құрылғының ішіне жиналуы мүмкін. Осы жиналған қоқым баспа сапасын төмендетуі мүмкін (мысалы, тонер дақтарының және жағындыларының пайда болуы). Құрылғының ішін тазалау тазалайды және бұл ақауларды азайтады.



- Тонер картриджіне зақым тиюіне жол бермеу үшін оған бес минуттан аса жарық түсірмеңіз. Қажет болса, оны қағазбен жабыңыз.
- Тонер картриджінің жасыл бөлігіне тимеңіз. Бұл аумаққа тимеу үшін картридж тұтқасын пайдаланыңыз.
- Құрылғының ішін тазалағанда құрғақ, түксіз шүберекті пайдаланыңыз. Тасымалдау ролигін немесе басқа ішкі бөліктерді зақымдап алмаңыз. Бензин немесе араластырғыш сияқты еріткіштерді пайдаланбаңыз. Басып шығару сапасының ақауы пайда болып, құрылғыға зиян келтіруі мүмкін.





- Құрылғыны тазалау үшін мамықсыз матаны пайдаланыңыз.
- Құрылғыны өшіріңіз де, шнурды ажыратыңыз. Құрылғы суығанша күтіңіз. Егер құрылғыда қуат қосқышы бар болса, құрылғыны тазалау алдында қуат қосқышын өшіріңіз.
- Бұл пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер құрылғының үлгісіне немесе орнатылған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).
- Сканерді ашқанда, құжат бергіш және сканерді бірге ұстап тұрыңыз.



## Беру ролигін тазалау



- Құрылғыны өшіріңіз де, шнурды ажыратыңыз. Құрылғы суығанша күтіңіз. Егер құрылғыда қуат қосқышы бар болса, құрылғыны тазалау алдында қуат қосқышын өшіріңіз.
- Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).



## Сканерді тазалау

Сканерді таза ұстау ең жақсы көшірме сапасына қол жеткізуге көмектеседі. Сканерді күн сайын таңертең және күндіз тазалап тұруыңызды ұсынамыз.




- Құрылғыны өшіріңіз де, шнурды ажыратыңыз. Құрылғы суығанша күтіңіз. Егер құрылғыда қуат қосқышы бар болса, құрылғыны тазалау алдында қуат қосқышын өшіріңіз.
- Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).

1 Жұмсақ, талшықсыз материал немесе қағаз сүлгіні аздап сулаңыз.

2 Сканер қақпағын көтеріп ашыңыз.

3 Сканердің бетін таза және құрғақ болғанша сүртіңіз.



1. Сканер қақпағы
2. Сканер шынысы
3. Құжат бергіштің шынысы
4. Ақ парақ

4 Сканер қақпағын жабыңыз.

---

# Ақаулықтарды жою

Бұл қате кездестірсеңіз не істеу керектігі туралы пайдалы ақпарат береді.



Бұл қате кездестірсеңіз не істеу керектігі туралы пайдалы ақпарат береді. Құрылғыда дисплей экраны бар болса, қатені түзету үшін алдымен дисплей экранындағы хабарды қараңыз.

- Қағаздың кептелуіне жол бермеуге қатысты кеңестер 150
- Түпнұсқа құжат кептелулерін жою 151
- Қағаз кептелуін кетіру 154
- Жарық диодтарын түсіну 157
- Шығын материалдары туралы ақпарат есебінде "Low Toner" немесе "Very Low Toner" хабары көрсетіледі **159**
- Қате туралы хабарламаларды түсіну 160
- Қағазды беру қателері 164
- Қуат және кабельді жалғау мәселелері 165
- Басқа мәселелерді шешу 166
- Сымсыз желі мәселелерін шешу 182

---

# Қағаздың кептелуіне жол бермеуге қатысты кеңестер

Дұрыс материал түрлерін таңдау арқылы қағаз кептелулерінің көпшілігін болдырмауға болады. Қағаз кептелістерін болдырмау үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:

- Лайықталатын бағыттауыштар дұрыс орнатылғанын тексеріңіз (39-беттегі "Науаны шолу" бөлімін қараңыз).
- Құрылғы басып шығарып жатқанда науадан қағазды алмаңыз.
- Қағазды салмастан бұрын бүгіп, желдетіп және туралап жіберіңіз.
- Қыртысталған, дымқыл немесе қатты бұралған қағазды пайдаланбаңыз.
- Науада қағаздарды араластырмаңыз.
- Тек ұсынылған баспа материалын пайдаланыңыз (187-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).



---

# Түпнұсқа құжат кептелулерін жою

Түпнұсқа құжат құжат бергіште кептелгенде, дисплейде ескерту хабары пайда болады.



Жыртып алмау үшін кептеліп қалған құжатты ақырын әрі көп күш салмай алыңыз.




Құжаттардың кептелуіне жол бермеу үшін қалың, жұқа немесе аралас түрлі түпнұсқа құжаттарға арналған сканер шынысын пайдаланыңыз.

---

## Сканер алдында түпнұсқа қағаздың кептелуі




- Бұл пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер құрылғының үлгісіне немесе орнатылған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).
- Модельге немесе қосымшаларға байланысты ақаулықтарды жою қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Әр түрлі мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).



## Сканердің ішінде түпнұсқа қағаздың кептелуі



- Бұл пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер құрылғының үлгісіне немесе орнатылған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).
- Модельге немесе қосымшаларға байланысты ақаулықтарды жою қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Әр түрлі мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).



## Сканердің шығу аумағында түпнұсқа қағаздың кептелуі


---



- Бұл пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер құрылғының үлгісіне немесе орнатылған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).
  - Модельге немесе қосымшаларға байланысты ақаулықтарды жою қол жетімді болмауы мүмкін (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).
- 

1 Қалған беттерді құжат бергіштен алып тастаңыз.

2 Кептеліп қалған қағазды көп күш салмай құжат бергіштен шығарып алыңыз.



---

# Қағаз кептелуін кетіру



Жыртып алмау үшін кептеліп қалған қағазды ақырын әрі көп күш салмай алыңыз.


---

## Науада



Бұл пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер құрылғының үлгісіне немесе орнатылған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).



---




## Құрылғының ішінде



- Термофиксатор аумағы ыстық. Құрылғыдан қағазды алған кезде абай болыңыз.
- Бұл пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер құрылғының үлгісіне немесе орнатылған опцияларға байланысты өзгеше болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (19-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).



Бұл аймақта қағазды көрмесеңіз, тоқтап, келесі қадамға өтіңіз:



# Жарық диодтарын түсіну

Жарық диодының түсі құрылғының ағымдағы күйін көрсетеді.



- Модельге немесе елге байланысты кейбір жарық диодты экрандар болмауы мүмкін (22-беттегі "Басқару панеліне жалпы шолу" бөлімін қараңыз).
- Қатені түзету үшін қате туралы хабарға қараңыз және ақаулықтарды жою бөлігіндегі ол туралы нұсқауларды қараңыз (160-беттегі "Қате туралы хабарламаларды түсіну" бөлімін қараңыз).
- Егер мәселе жалғасса, қызмет көрсету өкіліне қоңырау шалыңыз.


## Состояние LED

Жарық диодты экран	Күй		Сипаттама
 Состояние	<b>Выкл.</b>		Құрылғы желіде емес.
	<b>Жасыл</b>	<b>Вкл.</b>	Құрылғы қосулы және пайдалануға дайын.
		<b>Жыпылықтау</b>	Құрылғы деректерді қабылдағанда не басып шығарып жатқанда, артқы шам жыпылықтайды.
	<b>Қызғылт сары</b>	<b>Вкл.</b>	Құрылғы үлкен қате салдарынан тоқтады.
		<b>Жыпылықтау</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жеңіл-желпі қате орын алды және құрылғы қатенің өшірілуін күтуде. Дисплейдегі хабарды тексеріңіз. Мәселе шешілгенде құрылғы жұмысын жалғастырады.</li> <li>• Картриджде тонер деңгейі аз. Картридждің жарамдылық мерзімі<sup>a</sup> тонер аяқталуға жақын. Ауыстыратын жаңа картридж дайындаңыз. Тонерді қайта тарату арқылы басып шығару сапасын уақытша арттыруға болады (140-беттегі "Тонерді қайта тарату" бөлімін қараңыз).<sup>b</sup></li> <li>• Қақпақ ашық. Қақпақты жабыңыз.</li> <li>• Деректерді қабылдағанда немесе басып шығарғанда науада қағаз жоқ. Науаға парақ салыңыз.</li> <li>• Қағаз кептелісі орын алды (154-беттегі "Қағаз кептелуін кетіру" бөлімін қараңыз).</li> </ul>

a. Картридждің есептелген қызмет көрсету мерзімі дегеніміз басып шығарудың орташа мүмкіндігін көрсететін есептелген тонер картриджінің қызмет көрсету мерзімі және ол ISO/IEC 19752 стандартына сәйкес келеді. Парақтардың санына жұмыс істеу ортасы, кескін аймағының пайызы, басып шығару интервалы, графикасы, баспа құралының түрі және баспа құралының өлшемі әсер етуі мүмкін. Қызғылт сары жарық диодты экран қосулы болғанда және принтер басып шығаруды тоқтатқан кезде картриджде шамалы тонер қалуы мүмкін.

b. Модельге немесе елге байланысты кейбір жарық диодты экрандар болмауы мүмкін (22-беттегі "Басқару панеліне жалпы шолу" бөлімін қараңыз).

## Сымсыз режимінің жарық диоды/қуаттың жарық диоды

Status		Сипаттама	
 (Сымсыз режимінің жарық диоды)	Көк	Выкл.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сымсыз функция іске қосылмаған.</li> <li>Құрылғы ұйқы режимінде.</li> </ul>
		Вкл.	Құрылғы сымсыз желіге қосылған (55-беттегі "Сымсыз желіні орнату" бөлімін қараңыз).
		Жыпылықтау	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сымсыз функция қосылған, бірақ құрылғы сымсыз желіге қосылмаған.</li> <li>Құрылғы сымсыз желіге қосылуда.</li> </ul>
 Питанье)	Ақ	Вкл.	Құрылғы дайын режимде.
		Жыпылықтау	Құрылғы қуатты үнемдеу режимінде тұр.



---

# Шығын материалдары туралы ақпарат есебінде "Low Toner" немесе "Very Low Toner" хабары көрсетіледі

**Low Toner:** Принтер тонер картриджі деңгейінің төмен екенін көрсетеді. Картридждің нақты қалған қызмет көрсету мерзімі өзгеше болуы мүмкін. Басып шығару сапасы жарамсыз болған кезде орнату үшін қолжетімді қосалқы бөлшекті қарастырыңыз. Картриджді қазір ауыстырудың қажеті жоқ.

Тонерді қайта үлестіру рұқсат етілетін баспа сапасына сәйкес келмейінше, басып шығаруды ағымдағы картриджбен жалғастыруыңыз. Тонерді қайта үлестіру үшін, тонер картриджін принтерден шығарып алып, картриджді көлденең білігінен әрі-бері жайлап қозғаңыз. Графикалық кескінді картриджді алмастыру нұсқауларынан қараңыз. Тонер картриджін принтерге қайта салып, қақпақты жабыңыз.

**Very Low Toner:** Принтер тонер картриджі деңгейінің өте төмен екенін көрсетеді. Картридждің нақты қалған қызмет көрсету мерзімі өзгеше болуы мүмкін. Басып шығару сапасы жарамсыз болған кезде орнату үшін қолжетімді қосалқы бөлшекті қарастырыңыз. Басып шығару сапасы жарамсыз болмаса, картриджді қазір ауыстырудың қажеті жоқ.

HP тонер картриджінің деңгейі **Very Low Toner** жеткен кезде, осы картридж бойынша HP Premium Protection Warranty кепілдігі тоқтатылады.

**Шығын материалдары туралы ақпарат есебі құрылғыда басып шығарылады:**

- 1 Басқару панеліндегі ●●● (Меню) > Настр. сист. > Отчет > Расх. материал тармағын таңдаңыз.
- 2 ОК түймесін басыңыз.  
Құрылғы басып шығаруды бастайды.

# Қате туралы хабарламаларды түсіну

Құрылғының күйін немесе қателерін білдіру үшін басқару тақтасының экранында хабарламалар көрсетіледі. Хабарламалар мен олардың мағынасын түсіну және, қажет болса, мәселені шешу үшін төмендегі кестелерді қараңыз.



- Хабарлама кестеде болмаса, құрылғыны өшіріп қайта іске қосыңыз да, басып шығару тапсырмасын қайтадан орындап көріңіз. Егер мәселе жалғасса, қызмет көрсету өкіліне қоңырау шалыңыз.
- Қолдау қызметіне телефон соққан кезде, қолдау қызметінің өкіліне экрандағы хабарламаның мазмұнын беріңіз.
- Үлгіге және орнатылған опцияларға байланысты кейбір хабарлар көрсетілмеуі мүмкін.
- [қате нөмірі] – қате нөмірін білдіреді.

## Қағаз кептелісіне қатысты хабарлар

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Зам. документа. Устраните замятие	Салынған түпнұсқа құжат құжат бергіште кептелді.	Кептелісті тазалаңыз (151-беттегі "Түпнұсқа құжат кептелулерін жою" бөлімін қараңыз).
Қағаз Замятие в лотке	Науада қағаз жоқ.	Кептелісті тазалаңыз (154-беттегі "Науада" бөлімін қараңыз).
Зам. в ниж. части внутри устр.	Құрылғының ішінде қағаз кептелді.	Кептелісті тазалаңыз (155-беттегі "Құрылғының ішінде" бөлімін қараңыз).

## Тонерге қатысты хабарлар

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Установите карт. картридж	Тонер картриджі орнатылмаған.	Тонер картриджін орнатыңыз.
термофиксатор а: #C2-1711 Картридж қатесі	Тонер картриджі орнатылмаған.	Тонер картриджін орнатыңыз.
термофиксатор а: #C2-1712 Картридж қатесі	Тонер картриджін бақылау мүмкін емес.	Қуатты қайта қосыңыз. Мәселе шешілмесе, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
Несовместимый Тонер картриджі	Орнатылған тонер картриджі бұл құрылғыға арналмаған.	HP компаниясы жасаған, құрылғыңызға арналған тонер картриджін орнатыңыз.
Low Toner	Көрсетілген картриджде біраз мөлшерде тонер қалды. Картридждің жарамдылық мерзімі <sup>a</sup> тонер аяқталуға жақын.	Ауыстыру үшін жаңа картриджді дайындаңыз. Тонерді қайта тарату арқылы басып шығару сапасын уақытша арттыруға болады (140-беттегі "Тонерді қайта тарату" бөлімін қараңыз).

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Very Low Toner	Тонер картриджі есептелген картридждің қызмет көрсету мерзіміне жетуге аз қалды <sup>а</sup> .	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Басқару тақтасында көрсетілгендей <b>Остановить</b> немесе <b>Продолжить</b> пәрменін таңдауға болады. <b>Стоп</b> түймесі таңдалса, принтер басып шығаруды тоқтатады және картридж ауыстырылғанша басып шығару мүмкін болмайды. <b>Продолжить</b> түймесі таңдалса, принтер басып шығаруды жалғастырады, бірақ басып шығару сапасына кепілдік берілмейді.</li> <li>• Бұл хабарлама көрсетілгенде, басып шығару сапасының жоғары болуы үшін тонер картриджін ауыстырыңыз. Картриджді осыдан кейін пайдалану басып шығару мәселелеріне әкелуі мүмкін (141-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).</li> </ul> <p> HP корпорациясы қайта толтырылған немесе қайта өндірілген сияқты HP өзі шығармаған тонер картриджін пайдалануға кеңес бермейді. HP компаниясы HP өзі шығармаған тонер картриджінің сапасына кепілдік бере алмайды. Түпнұсқа емес HP тонер картриждерін пайдалану салдарынан болған қажетті қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстары құрылғының кепілдігінде қамтылмайды.</p>
	Көрсетілген тонер картриджінің болжанған жұмыс істеу мерзімі аяқталды <sup>а</sup> . Машина басып шығаруды тоқтатуы мүмкін.	Тонер картриджін ауыстырыңыз (141-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).

а. Есептелген картридждің қызмет көрсету мерзімі – күтілетін немесе есептелген тонер картриджінің қызмет көрсету мерзімі. Ол басып шығарылатын парақтардың орташа мәнін көрсетеді және ISO/IEC 19752 стандартына сәйкес жасалған (136-беттегі "Алуға болатын жабдықтар" бөлімін қараңыз). Беттердің санына жұмыс істейтін орта, сурет ауданының пайызы, басып шығару аралығы, баспа құрал түрі, сурет аумағының пайызы және баспа құрал өлшемі әсер етуі мүмкін. Тіпті жаңа картриджге ауыстыру туралы хабар шығып, машина басып шығаруды тоқтатқанның өзінде картрижде тонердің біраз мөлшері қалуы мүмкін.

## Науаға қатысты хабарлар

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
нет бумаги лотке	Науада қағаз жоқ.	Науаға қағаз салыңыз (40-беттегі "Науаға қағаз салу" бөлімін қараңыз).
Лоток 1 в лотке 1	Принтер сипаттарындағы қағаз өлшемі салып жатқан қағазға сай емес.	Науаға дұрыс қағаз салыңыз.

## Желіге қатысты хабарлар

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Ошибка подкл. Конфликт IP-адресов	Орнатылған желінің IP мекенжайын басқа біреу пайдалануда.	IP мекенжайды тексеріп, қажет болса, ысырыңыз (52-беттегі "Желі конфигурациясы есебін басып шығару" бөлімін қараңыз).
#S6-3210	Сымсыз модуль орнатылмаған.	Выкл. и вкл.уст.

## Әр түрлі хабарлар

Хабар	Мағынасы	Ұсынылатын шешімдер
Крышка открыта Закройте крышку	Қақпақ берік жабылмаған.	Қақпақты орнына отыртып жабыңыз.
Дверца сканера открыта.	Құжат бергіштің қақпағы мықтап жабылмаған.	
Ош.[номер ошибки] Выкл.и вкл.прин.	Машина құралын бақылау мүмкін емес.	Құрылғыны өшіріп қайта іске қосыңыз да, басып шығару тапсырмасын қайтадан орындап көріңіз. Мәселе шешілмесе, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.
Ош.[номер ошибки] Обр.за поддерж.		
Сканер заблокирован	Сканер құлыптанған.	Қуатты қайта қосыңыз. Мәселе шешілмесе, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.

# Қағазды беру қателері

Күйі	Ұсынылатын шешімдер
Басып шығару кезіндегі қағаз кептелістері.	Қағаз кептелісін тазалаңыз.
Қағаз бір біріне жабысып қалады.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Науаның ең көп қағаз сыйымдылығын тексеріңіз.</li><li>• Дұрыс қағаз түрін пайдаланып жатқаныңызды тексеріңіз.</li><li>• Қағазды науадан шығарыңыз және бүгіңіз немесе желдетіңіз.</li><li>• Жоғары ылғалдылық жағдайлары кейбір қағаздың бір-біріне жабысып қалуына себеп болуы мүмкін.</li></ul>
Қағаздың бірнеше парағы берілмейді.	Науада қағаздың әр түрлі түрлері салынған болуы мүмкін. Тек түрі, өлшемі және салмағы бірдей қағазды салыңыз.
Қағаз құрылғыға берілмейді.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Құрылғы ішінен барлық кедергілерді алып тастаңыз.</li><li>• Қағаз дұрыс салынбаған. Қағазды науадан алып тастап, қайтадан дұрыстап салыңыз.</li><li>• Науада қағаз тым көп. Науадан артық қағазды алып тастаңыз.</li><li>• Қағаз тым қалың. Тек машинаның техникалық сипаттамаларына сай қағазды пайдаланыңыз.</li></ul>
Қағаз кептеле береді.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Науада қағаз тым көп. Науадан артық қағазды алып тастаңыз.</li><li>• Пайдаланылып жатқан қағаз түрі дұрыс емес. Тек машинаның техникалық сипаттамаларына сай қағазды пайдаланыңыз.</li><li>• Құрылғы ішінде кір болуы мүмкін. Алдыңғы қақпақты ашыр, барлық кірден тазалаңыз.</li></ul>

---


# Қуат және кабельді жалғау мәселелері

Қуатты қайта қосыңыз. Мәселе шешілмесе, қызмет көрсету орталығына қоңырау шалыңыз.

Күйі	Ұсынылатын шешімдер
<b>Құрылғы электр тогын алмайды немесе компьютер мен құрылғы арасындағы қосылым кабелі дұрыстап жалғанбаған.</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Құрылғыны алдымен электр көзіне қосыңыз.</li><li>2. Құрылғының артындағы USB кабелін не желілік кабельді тексеріңіз.</li><li>3. Құрылғының артындағы USB кабелін не желілік кабельді ажыратып, қайта жалғаңыз.</li></ol>

# Басқа мәселелерді шешу

## Басып шығару мәселелері

Күйі	Ықтимал себеп	Ұсынылатын шешімдер
Құрылғы басып шығармайды.	Құрылғы электр тогын алмайды.	Құрылғыны алдымен электр көзіне қосыңыз. Құрылғының басқару тақтасында  (Питание) түймесі болса, оны басыңыз.
	Құрылғы әдепкі құрылғы ретінде таңдалмаған.	Машинаны Windows жүйесіндегі әдепкі машина ретінде таңдаңыз.
	Құрылғыда келесіні тексеріңіз:	
	<ul style="list-style-type: none"><li>• Қақпақ жабылмаған. Қақпақты жабыңыз.</li><li>• Қағаз кептелген. Қағаз кептелуін тазалаңыз (154-беттегі "Қағаз кептелуін кетіру" бөлімін қараңыз).</li><li>• Қағаз салынбаған. Қағаз жүктелмеген (40-беттегі "Науаға қағаз салу" бөлімін қараңыз).</li><li>• Тонер картриджі орнатылмаған. Тонер картриджді орнатыңыз (141-беттегі "Тонер картриджді ауыстыру" бөлімін қараңыз).</li><li>• Тонер картриджінен қорғау жабыны мен беттердің алынғанына көз жеткізіңіз (141-беттегі "Тонер картриджді ауыстыру" бөлімін қараңыз).</li></ul>	
	Жүйелік қате орын алса, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.	
	Компьютер мен құрылғы арасындағы қосылым кабелі дұрыстап қосылмаған.	Құрылғы кабелін ажыратып, қайта қосыңыз (21-беттегі "Артқы көрінісі" бөлімін қараңыз).
Компьютер мен құрылғы арасындағы қосылым кабелінде ақаулық бар.	Мүмкін болса, кабельді дұрыс істеп тұрған басқа компьютерге қосыңыз және тапсырманы басып шығарыңыз. Сондай-ақ, басқа құрылғы кабелін пайдаланып көруге болады.	
Порт параметрі дұрыс емес.	Windows принтер параметрлерін тексеріп, басып шығару тапсырмасы дұрыс портқа жіберілетінін тексеріңіз. Егер компьютерде бірнеше порт болса, құрылғының дұрыс портқа қосылғанын тексеріңіз.	



Күйі	Ықтимал себеп	Ұсынылатын шешімдер
Құрылғы басып шығармайды.	Құрылғы дұрыс теңшелмеген болуы мүмкін.	<b>Басып шығару теңшелімдері</b> ішінде барлық басып шығару параметрлері дұрыс екенін тексеріңіз.
	Принтер драйвері дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін.	Машинаның драйверін жойып, қайта орнатыңыз.
	Құрылғы дұрыс емес жұмыс істеп жатыр.	Құрылғыда жүйелік қатенің болуын көру үшін басқару тақтасындағы экран хабарламаларын қараңыз. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
	Құжаттың өлшемі тым үлкен, компьютердің қатты дискіндегі кеңістік басып шығару тапсырмасына қатынасу үшін жеткіліксіз.	Қатты дискіде орын босатып, құжатты қайтадан басып шығарыңыз.
	Шығыс науасы толған.	Шығыс науасынан қағазды алғанда, құрылғы басып шығаруды жалғастырады.
Құрылғы басып шығару материалдарын дұрыс емес қағаз көзінен таңдайды.	<b>Басып шығару теңшелімдері</b> ішінде таңдалған қағаз дұрыс емес болуы мүмкін.	Көп бағдарламаларда қағаз көзін <b>Басып шығару теңшелімдері</b> терезесіндегі <b>Бумага</b> қойындысында таңдауға болады (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз). Дұрыс қағаз көзін таңдаңыз. Принтер драйверінің анықтама экранын қараңыз (76-беттегі "Анықтаманы пайдалану" бөлімін қараңыз).
Басып шығару тапсырмасы өте баяу.	Тапсырма тым күрделі болуы мүмкін.	Беттің күрделілігін азайтыңыз немесе басып шығару сапасы параметрлерін лайықтап көріңіз.


Күйі	Ықтимал себеп	Ұсынылатын шешімдер
<b>Беттің жартысы бос.</b>	Бет бағдары параметрі дұрыс емес болуы мүмкін.	Бағдарламада бет бағытын ауыстырыңыз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз). Принтер драйверінің анықтама экранын қараңыз (76-беттегі "Анықтаманы пайдалану" бөлімін қараңыз).
	Қағаз өлшемі және қағаз өлшемінің параметрлері сәйкес емес.	Принтер драйверінің параметрлеріндегі қағаз өлшемін науадағы қағазға сәйкес етіңіз немесе принтер драйверінің параметрлеріндегі қағаз өлшемін пайдаланатын бағдарламадағы параметрлерде таңдалған қағазға сәйкес етіңіз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
<b>Құрылғы басып шығарады, бірақ мәтін дұрыс емес, бұзылған немесе толық емес.</b>	Құрылғы кабелі бос немесе оның ақаулығы бар.	Құрылғы кабелін ажыратып, қайта қосыңыз. Сәтті басып шығарған басып шығару тапсырмасын орындап көріңіз. Мүмкін болса, кабельді және құрылғыны жұмыс істейтінін білетін басқа компьютерге қосыңыз және басып шығару тапсырмасын орындап көріңіз. Аяғында, жаңа құрылғы кабелін пайдаланып көріңіз.
	Дұрыс емес принтер драйвері таңдалған.	Бағдарламаның принтерлерін таңдау мәзірінде осы құрылғы таңдалғанын тексеріңіз.
	Бағдарлама дұрыс жұмыс істемей жатыр.	Тапсырманы басқа бағдарламада басып шығару әрекетін жасаңыз.
	Амалдық жүйе дұрыс жұмыс істемей жатыр.	Windows жүйесінен шығыңыз және компьютерді қайта іске қосыңыз. Құрылғыны өшіріп, қайта қосыңыз.




Күйі	Ықтимал себеп	Ұсынылатын шешімдер
Беттер басып шығарылады, бірақ олар бос.	Тонер картриджінде ақаулық бар немесе тонер біткен.	Қажет болса, тонерді қайта таратыңыз. Қажет болса, тонер картриджін ауыстырыңыз. <ul style="list-style-type: none"> <li>• 140-беттегі "Тонерді қайта тарату"қараңыз.</li> <li>• 141-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру"қараңыз.</li> </ul>
	Файлда бос беттер болуы мүмкін.	Файлда бос беттер жоқ екенін тексеріңіз.
	Контроллер немесе тақта сияқты кейбір бөліктерде ақаулық болуы мүмкін.	Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
Құрылғы PDF файлдарды дұрыс басып шығармайды. Сызбалықтардың, мәтіннің немесе суреттердің кейбір бөліктері жоқ.	PDF файлы мен Acrobat өнімдерінің арасында сыйысымдылық жоқ.	PDF файлды сурет ретінде басып шығару файлды басып шығаруға мүмкіндік беруі мүмкін. Acrobat басып шығару параметрлерінде <b>Сурет ретінде басып шығару</b> параметрін қосыңыз.   PDF файлды сурет ретінде басып шығару көбірек уақыт алады.
Суреттердің басып шығару сапасы жақсы емес. Суреттер анық емес.	Суреттің ажыратымдылығы тым төмен.	Суреттің өлшемін азайтыңыз. Бағдарламада суреттің өлшемін үлкейтсеңіз, ажыратымдылық азаяды.
Басып шығару алдында құрылғы шығыс науасының жанынан бу шығарады.	Дымқыл қағазды пайдаланғанда басып шығару кезінде бу шығуы мүмкін.	Бұл мәселе емес. Жай басып шығаруды жалғастырыңыз.
Құрылғы есеп-шот қағазы сияқты арнайы өлшемді қағазды басып шығармайды.	Қағаз өлшемі және қағаз өлшемінің параметрі сәйкес емес.	<b>Басып шығару теңшелімдері</b> терезесінің <b>Другое</b> қойындысындағы <b>Бумага</b> ішінде дұрыс қағаз өлшемін орнатыңыз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу"бөлімін қараңыз).





Күйі	Ықтимал себеп	Ұсынылатын шешімдер
Басып шығарылған есеп-шот қағазы оралып қалған.	Қағаз түрі сәйкеспейді.	Принтерді өзгертіңіз және әрекетті қайталаңыз. <b>Настройка печати</b> тармағына өтіңіз де, <b>Бумага</b> қойындысын басып, <b>Плотная, 90-120 г</b> түріне орнатыңыз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).




## Басып шығару сапасы мәселелері





Құрылғының іші кір болса немесе қағаз дұрыстап салынбаған болса, басып шығару сапасы төмендеуі мүмкін. Мәселені кетіру үшін төмендегі кестені қараңыз.

Күйі	Ұсынылатын шешімдер
<p>Ашық немесе көлеңкеленген басып шығару</p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бетте тік ақ жолақ немесе көлеңкеленген аумақ пайда болса, тонер мөлшері төмен. Жаңа тонер картриджін салыңыз (141-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).</li> <li>• Егер құрылғының тонер мөлшері жеткілікті болғанымен тік ақ жолақ немесе көлеңкеленген аумақ бетте әлі де бар болса, алдыңғы есікті 3 ~ 4 рет ашып жабыңыз (18-беттегі "Құрылғыға жалпы шолу" бөлімін қараңыз).</li> <li>• Қағаз сипаттамаларға сай болмауы мүмкін, мысалы, қағаз тым ылғалды немесе қатты болуы мүмкін.</li> <li>• Егер бүкіл бет ашық болса, басып шығарудың ажыратымдылық параметрі тым төмен немесе тонерді үнемдеу режимі қосулы. Басып шығару ажыратымдылығын лайықтаңыз және тонерді үнемдеу режимін өшіріңіз. Принтер драйверінің анықтама экранын қараңыз.</li> <li>• Көлеңкеленген немесе жағылған ақаулардың тіркесімі тонер картриджін тазалау керек екенін көрсетеді. Құрылғының ішін тазалаңыз (145-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз).</li> <li>• Құрылғының ішіндегі LSU бөлігінің беті өте лас болуы мүмкін. Құрылғының ішін тазалаңыз (145-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз). Егер бұл қадамдар мәселені түзетпесе, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</li> </ul>





Күйі	Ұсынылатын шешімдер
<p>Қағаздың жоғарғы жартысы қалған бөлігінен ашығырақ болып басып шығарылады</p> 	<p><b>Тонер осы қағаз түріне сай болмауы мүмкін.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Принтерді өзгертіңіз және әрекетті қайталаңыз. <b>Басып шығару теңшелімдері</b> терезесіне өтіп, <b>Бумага</b> қойындысын нұқып, қағаз түрін <b>вторичная бумага</b> деп орнатыңыз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).</li> </ul>
<p>Тонер дақтары</p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қағаз - қағаз спецификацияларына сай емес болуы мүмкін, мысалы, қағаз тым ылғалды немесе қатты болуы мүмкін.</li> <li>• Тасымалдау ролигі кір болуы мүмкін. Құрылғының ішін тазалаңыз (145-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз).</li> <li>• Қағаз жолын тазалау керек болуы мүмкін. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз (145-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз).</li> </ul>
<p>Өткізілген жерлер</p> 	<p>Егер бетте көлеңкеленген, әдетте дөңгелек аумақтар пайда болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бір қағаз парағында ақаулық болуы мүмкін. Тапсырманы қайта басып шығарып көріңіз.</li> <li>• Қағаздың ылғал мөлшері біркелкі емес немесе қағаз бетінде ылғал дақтары бар. Басқа қағаз маркасын пайдаланып көріңіз.</li> <li>• Қағаз жиыны нашар. Жасап шығару процесі кейбір аумақтарда тонерді қабылдамауға әкелуі мүмкін. Қағаздың басқа түрін немесе маркасын пайдаланып көріңіз.</li> <li>• Принтерді өзгертіңіз және әрекетті қайталаңыз. <b>Настройка печати</b> тармағына өтіңіз де, <b>Бумага</b> қойындысын басып, <b>Плотная, 90-120 г</b> түріне орнатыңыз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).</li> </ul> <p>Егер бұл қадамдар мәселені түзетпесе, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</p>



Күйі	Ұсынылатын шешімдер
<p>Ақ дақтар</p> 	<p>Егер бетте ақ дақтар пайда болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Қағаз тым қатты және қағаздан машина ішіндегі құрамдастарға көп кір түседі, сондықтан тасымалдау ролигі лас болуы мүмкін. Құрылғының ішін тазалаңыз (145-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз).</li> <li>Қағаз жолын тазалау керек болуы мүмкін. Құрылғының ішін тазалаңыз (145-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз).</li> </ul> <p>Егер бұл қадамдар мәселені түзетпесе, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</p>
<p>Тік жолдар</p> 	<p>Бетте қара тік жолақтар пайда болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғының ішіндегі тонер картриджінің бетіне (барабан бөлігі) сызат түскен болуы мүмкін. Тонер картриджді алып тастап, жаңасын орнатыңыз (141-беттегі "Тонер картриджді ауыстыру" бөлімін қараңыз).</li> </ul> <p>Егер бетте ақ тік жолақтар пайда болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғының ішіндегі LSU бөлігінің беті өте лас болуы мүмкін. Құрылғының ішін тазалаңыз (145-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз). Егер бұл қадамдар мәселені түзетпесе, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</li> </ul>
<p>Қара немесе түсті өң</p> 	<p>Өндік көлеңкелеудің мөлшері қажеттіден асса:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Салмағы азырақ қағазға өтіңіз.</li> <li>Қоршаған орта жағдайларын тексеріңіз: өте құрғақ жағдай немесе ылғалдылықтың жоғары деңгейі (80 % салыстырмалы ылғалдылықтан аса) өндік көлеңкелеудің мөлшерін арттыруы мүмкін.</li> <li>Тонер картриджді алып тастап, жаңасын орнатыңыз (141-беттегі "Тонер картриджді ауыстыру" бөлімін қараңыз).</li> <li>Тонерді толығымен таратыңыз (140-беттегі "Тонерді қайта тарату" бөлімін қараңыз).</li> </ul>
<p>Тонер жағылады</p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>Құрылғының ішін тазалаңыз (145-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз).</li> <li>Қағаздың түрін және сапасын тексеріңіз.</li> <li>Тонер картриджді алып тастап, жаңасын орнатыңыз (141-беттегі "Тонер картриджді ауыстыру" бөлімін қараңыз).</li> </ul>

Күйі	Ұсынылатын шешімдер
<p>Тік қайталама ақаулықтар</p> 	<p>Егер басып шығарылатын бетте дақтар біркелкі аралықтармен пайда болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тонер картриджі зақымдалған болуы мүмкін. Мәселе әлі бар болса, тонер картриджін алыңыз да, жаңасын орнатыңыз (141-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).</li> <li>• Құрылғының бөліктерінде тонер болуы мүмкін. Егер ақаулықтар беттің артында болса, мәселе тағы бірнеше беттен кейін өзі жойылуы мүмкін.</li> <li>• Термофиксация жиыны зақымдалған болуы мүмкін. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</li> </ul>
<p>Өңдік шашылу</p> 	<p>Өңде шашылу басып шығарылатын бетте ретсіз таралған тонер бөлшектерінен пайда болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қағаз тым ылғалды болуы мүмкін. Қағаздың басқа топтамасымен басып шығарып көріңіз. Қағаз тым көп ылғалды қабылдамауы үшін қажет болмағанша қағаз бумаларын ашпаңыз.</li> <li>• Өңдік шашылу басып шығарылған беттің барлық жерінде болса, бағдарламалық құрал арқылы немесе <b>Басып шығару теңшелімдері</b> тармағында басып шығару ажыратымдылығын реттеңіз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз). Дұрыс қағаз түрі таңдалғанын тексеріңіз. Мысалы: Егер «Повыш. плотности» қағазы таңдалған болса, бірақ іс жүзінде «Низко» қағазы пайдаланылса, шамадан тыс тонер беріліп, көшірменің сапасын нашарлатуы мүмкін.</li> <li>• Жаңа тонер картриджін пайдалансаңыз, алдымен тонерді таратыңыз (140-беттегі "Тонерді қайта тарату" бөлімін қараңыз).</li> </ul>
<p>Қалың әріптердің немесе суреттердің айналасында тонер бөлшектері бар</p> 	<p>Тонер осы қағаз түріне сай болмауы мүмкін.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Принтерді өзгертіңіз және әрекетті қайталаңыз. <b>Басып шығару теңшелімдері</b> терезесіне өтіп, <b>Бумага</b> қойындысын нұқып, қағаз түрін <b>вторичная бумага</b> деп орнатыңыз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).</li> <li>• Дұрыс қағаз түрі таңдалғанын тексеріңіз. Мысалы: Егер «Повыш. плотности» қағазы таңдалған болса, бірақ іс жүзінде «Низко» қағазы пайдаланылса, шамадан тыс тонер беріліп, көшірменің сапасын нашарлатуы мүмкін.</li> </ul>

Күйі	Ұсынылатын шешімдер
<p>Дұрыс емес таңбалар</p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Басып шығарылған таңбалардың пішіні дұрыс болмаса және бос орындар шығарса, қағаз дестесі тым тайғақ болуы мүмкін. Басқа қағазды пайдаланып көріңіз.</li> </ul>
<p>Қағаз қисаяды</p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қағазды дұрыстап салыңыз.</li> <li>• Қағаздың түрін және сапасын тексеріңіз.</li> <li>• Қағаз жиынының жанындағы бағыттауыштар тым тығыз немесе тым бос емес болсын.</li> </ul>
<p>Оралу немесе толқын</p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қағазды дұрыстап салыңыз.</li> <li>• Қағаздың түрін және сапасын тексеріңіз. Жоғары температура да, ылғалдылық та қағаздың оралуын тудырады.</li> <li>• Тартпадағы қағаз жиынын бұрыңыз. Сондай-ақ, науадағы қағазды 180°-қа бұрып көріңіз.</li> </ul>
<p>Қабаттар немесе майысулар</p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қағазды дұрыстап салыңыз.</li> <li>• Қағаздың түрін және сапасын тексеріңіз.</li> <li>• Тартпадағы қағаз жиынын бұрыңыз. Сондай-ақ, науадағы қағазды 180°-қа бұрып көріңіз.</li> </ul>



Күйі	Ұсынылатын шешімдер
<p>Басып шығарылған беттердің арты лас</p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тонердің ағуын тексеріңіз. Құрылғының ішін тазалаңыз (145-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз).</li> </ul>
<p>Қалың түс немесе қара беттер</p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тонер картриджі дұрыстап орнатылмаған болуы мүмкін. Тонер картриджін алып, қайта салыңыз.</li> <li>• Тонер картриджінде ақаулық болуы мүмкін. Тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз (141-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).</li> <li>• Машинаны жөндеу қажет болуы мүмкін. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</li> </ul>
<p>Тығыз емес тонер</p> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құрылғының ішін тазалаңыз (145-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз).</li> <li>• Қағаздың түрін және сапасын тексеріңіз.</li> <li>• Тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз (141-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).</li> </ul> <p>Егер мәселе қайталана берсе, құрылғы жөндеу керек. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</p>
<p>Таңбалар жоқ жерлер</p> 	<p>Таңбалар жоқ жерлер таңбалардың қалың қарамен болу керек жерлеріндегі ақ аумақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қағаздың дұрыс емес бетінде басып шығарып жатқан болуыңыз мүмкін. Қағазды алып, оны аударыңыз.</li> <li>• Қағаз - қағаз спецификацияларына сай болмауы мүмкін.</li> </ul>

Күйі	Ұсынылатын шешімдер
<p>Көлденең жолақтар</p> 	<p>Егер көлденең тураланған ақ жолақтар немесе жағылған жерлер пайда болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тонер картриджі дұрыс емес орнатылған болуы мүмкін. Тонер картриджін алып, қайта салыңыз.</li> <li>• Тонер картриджінде ақаулық болуы мүмкін. Тонер картриджін алып тастап, жаңасын орнатыңыз (141-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" бөлімін қараңыз).</li> </ul> <p>Егер мәселе жалғасса, машина жөндеу қажет болуы мүмкін. Қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.</p>
<p>Майысу</p> 	<p>Егер басып шығарылған парақ оралса немесе қағаз құрылғыға берілмесе:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тартпадағы қағаз жиынын бұрыңыз. Сондай-ақ, науадағы қағазды 180°-қа бұрып көріңіз.</li> <li>• Принтердегі қағаз түрін ауыстырып, әрекетті қайталаңыз. <b>Настройка печати</b> тармағына өтіңіз де, <b>Бумага</b> қойындысын басып, <b>Тонкая, 60-69 г</b> түріне орнатыңыз (74-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).</li> </ul>
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бірнеше парақта белгісіз сурет қайта-қайта шығады</li> <li>• Тығыз емес тонер</li> <li>• Ашық басып шығару немесе ластану орын алады</li> </ul>	<p>Құрылғы 1000 м (3281 фут) немесе одан жоғары биіктікте пайдаланылып жатқан болуы мүмкін. Жоғары биіктік басып шығару сапасына әсер етуі мүмкін, мысалы, әлсіз тонер немесе ашық сурет. Құрылғының биіктік параметрін өзгертіңіз (36-беттегі "Биіктікті реттеу" бөлімін қараңыз).</p>

## Көшіру мәселелері

Күйі	Ұсынылатын шешімдер
<b>Көшірмелер тым ашық немесе тым күңгірт.</b>	Көшіру мүмкіндігіндегі күңгірттікті көшірмелердің өңдерін ашық немесе күңгірт етуге реттеңіз (87-беттегі "Әрбір көшірме үшін параметрлерді өзгерту" бөлімін қараңыз).
<b>Көшірмелерде жағылған жерлер, сызықтар, дақтар пайда болады.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ақаулықтар түпнұсқада болса, көшірмелердің өңінің түсін ашу үшін көшіру мүмкіндігіндегі ашықтық параметрін баптаңыз.</li> <li>• Көшірме баптауларындағы өңді реттеу өң түсін жояды (122-беттегі "Настройка фона" бөлімін қараңыз).</li> <li>• Түпнұсқада ақаулықтар болмаса, сканерді тазалаңыз (148-беттегі "Сканерді тазалау" бөлімін қараңыз).</li> </ul>
<b>Көшірме сурет қисайған.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Түпнұсқа тіркеу бағыттаушымен тураланғанын тексеріңіз.</li> <li>• Тасымалдау ролигі кір болуы мүмкін. Құрылғының ішін тазалаңыз (145-беттегі "Құрылғыны тазалау" бөлімін қараңыз).</li> </ul>
<b>Бос көшірмелер басып шығарылады.</b>	Түпнұсқа сканер шынысында төмен немесе құжат бергіште жоғары қарап тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер бұл қадамдар мәселені түзетпесе, қызмет көрсету өкіліне хабарласыңыз.
<b>Сурет көшірмеден оңай өшіріледі.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тартпадағы қағазды жаңа бумадағы қағазбен ауыстырыңыз.</li> <li>• Ылғалдылық жоғары аумақтарда қағазды құрылғыда ұзақ уақыт кезеңдеріне қалдырмаңыз.</li> </ul>
<b>Қағаз кептелулері жиі болады.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қағаз жиынын желдетіңіз, содан кейін қайтадан науаға салыңыз. Тартпадағы қағазды жаңа қағазбен ауыстырыңыз. Қажет болса, қағаз бағыттауыштарын тексеріңіз/лайықтаңыз.</li> <li>• Қағаздың түрі мен салмағы тиісті екенін қамтамасыз етіңіз (187-беттегі "Баспа құралының сипаттамалары" бөлімін қараңыз).</li> <li>• Қағаз кептелуінен кейін құрылғыда қалған көшірме қағазды немесе көшірме қағаз бөліктерін шығарыңыз.</li> </ul>
